# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 24 (1183)

21.06.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti


3 БРИФИНГ

# ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТЫ ШЫҒАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

***БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРНАТ БӘЗІЛДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ШАҺАРДАҒЫ ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТЫ ШЫҒАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША БРИФИНГ ӨТТІ.***

Брифингте белгілі болғандай, облыстық маңызы бар қала ретінде Талдықорған халқы үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер өзгертіліпті. ҚТҚ шығару тарифі жеке тұлғалар үшін – 379,53 теңгені (жылға шаққанда 1 м$^3$ – 2846,45 теңге) құрайды. Аталған тариф қалалық мәслихаттың 2023 жылы 22 мамырдағы №3-23 шешімімен бекітіліпті.

Шаһар басшысының сөзінше, Талдықорған қаласында көпқабатты тұрғын үйлер аумағында барлығы 238 ҚТҚ жинау нүктесі орналасқан. *«626 контейнер бар. Қазіргі уақытта қалада ҚТҚ шығару бойынша 13 ЖК жұмыс істейді. Мұнда «Газ-53» маркалы 18 бірлік арнайы техника бар. Техниканың орташа сыйымдылығы 20 контейнер, бір контейнерді әкету құны 2500 теңге, онда бір рейс үшін табыс шамамен 50 мың теңгені құрайды»*, – деді Ернат Бәзіл.

Айтуынша, өңірдегі коммуналдық қалдықтарды шығаруға қызмет көрсетушілерді анықтау мақсатында 2023 жылдың 10 шілдесінде конкурс жарияланған. Алайда, конкурсқа ешбір мекеме қатысуға ынта білдірмеген. Тек өткен (08.11.2023) жылғы конкурстың нәтижесінде «Жаңа-Сана» ЖШС жеңімпаз атанып, шарт жасасқан. «Жаңа-Сана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ағымдағы айдың 1-інен жұмысын бастапты. Атап айтқанда, контейнерлер үшін 8 бірлік, жерасты контейнерлері үшін 3 бірлік арнайы техника және 43 жұмысшы еңбекке кіріскен.

*– КЖТ аумақтарында ҚТҚ әкету жұмысының кестесі күн сайын, жеке аумақтарда аптасына 1 рет жүзеге асырылып, аумақты 5 метр радиуста тазалау, контейнерлерді уақтылы жөндеу, әр 21 күн сайын дезинфекциялау және контейнерлерді жуу жұмыстары жүргізілетін болады. Бұдан басқа, ағымдағы жылы 52 бірлік қоқыс алаңдарын орнату жоспарлануда, онда 141 бірлік Еуро контейнерлер орналастыру көзделген. Осы мақсатта 70 млн. теңге көлемінде қаржы бөлінді. 17.06.2024 жылы жеткізушіні анықтау үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды*, – деген Ернат Дүйсенбекұлы алдағы жоспарымен де бөлісті.

Брифинг соңында журналистер мен қала тұрғындары әкімге көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, ұсыныстарын да ортаға салды.

**Г. БАЙМҰХАН.**


## БАСПАСӨЗ - 2024

**«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда**

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700,80 теңге.

**Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»**

**ЦЕНА ПОДПИСКИ:**

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

# ӘЙЕЛДЕРГЕ ҰНАЙТЫН ЕРЕКШЕ ӨНІМ

**ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРІ ЖАННА ЖАҢАБАЕВА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА, БІРЕГЕЙ ӨНІМ «ГИДРОЛАТ» ӨНДІРУДІ ҚОЛҒА АЛДЫ.**

Оның айтуынша, өнімді екі жыл бойы үйде өндірген. Содан сұранысқа ие болып, Жанна Жаңабаева өз ісін кеңейтуді ойлайды. Түпкі ойын жүзеге асыруда Кәсіпкерлер палатасынан қолдау алып, өткен жылы «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысуға мүмкіндік алды. Осылайша гидролат өндірушісі үздік ондыққа кірді.

Жобаға қатысқаннан кейін іскер әйел одан әрі дамудың болашағы бар екенін түсінді. Жанна Жаңабаева грант алу конкурсына қатысып, ағымдағы жылы 400 АЕК мөлшерінде грант жеңіп алды. Экоөнім өндіру бойынша шағын цех ашып, жұмысшылар құрамын ұлғайтты. Бүгінгі таңда цехта төрт адам жұмыс істейді. Өнімдер шағын қалада ғана емес, бүкіл облыс аумағында сатылады.

Спрей жасау үшін кәсіпкер жергілікті шикізатты – көкөністерді, жемістерді, дәрілік шөптерді пайдаланады. Сондай-ақ, оның дүкенінен ашытылған шай, кептірілген шөптер, алма сірке суы, қолдан жасалған сабын сатып алуға болады.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаев Жанна Жақсылыққызына жаңа мақсаттарға қол жеткізуде табыс тіледі. Іскер әйелдің өнімдері жақын арада халықаралық нарыққа шығады деген үміт бар.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

АКЦИЯ АЯСЫНДА

## ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР АУМАҒЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

**«Таза Қазақстан» акциясы аясында Көксу ауданы Мұқыры ауылдық округіндегі Н.Алдабергенов ескерткішінің аумағы абаттандырылды.**

Акцияға аудан, ауылдық округтердің 40-тан аса «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары қатысты.

Алғабас ауылдық округінің «Жасыл ел» жастар еңбек жасақшысы Аружан Ернарқызының айтуынша, «Таза Қазақстан» акциясы еліміздің түкпір-түкпірінен орын алып, әр аймақта сенбілік өтуде. Бұл – жеріміздің жасыл аймаққа орануына септігін тигізбек.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары сенбіліктің маңыздылығын жақсы түсініп, белсенді жұмыс істеді.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БОЛЫП ҚАБЫЛДАНҒАЛЫ БЕРІ ЕЛІМІЗДЕ ОНЫҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРЫП, ҚОЛДАНУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ БАҒЫТЫНДА ІРГЕЛІ ІСТЕР АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАНЫ АЯН. ОСЫ ТҰРҒЫДА ҚАБЫЛДАНҒАН ІС-ШАРАЛАР ҚАТАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ РӨЛІ АЙРЫҚША.**

## СӨЗБҰЙДАЛЫҚҚА САЛЫНБАУ КЕРЕК

Осы бағдарлама аясында үкімет тарапынан мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейте түсу үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр. Мемлекеттік тілді меңгермеген азаматтарға тілді үйрету үшін де пәрменді шаралар ұйымдастырылу үстінде. Атап айтсақ, қазір барлық жерлерде мемлекеттік тілді үйрету орталықтары құрылып, қазақ тілін үйренуге ықылас білдірген мемлекеттік ұйымдар мен органдардың қызметкерлерін арнайы курстардан оқытып шығаруда. Мұнда қазақ тілінің әліпбиінен бастап, тілді үйренудің бірнеше деңгейі бойынша сабақтар өткізіледі. Осы орталықтан оқып шыққан мемлекеттік қызметкерлер екі жылдың ішінде мемлекеттік тілді тәп-тәуір меңгеріп шығып, олардың алғашқы лектері мемлекеттік органдарда табысты еңбек етіп жатқанының да куәсі болудамыз.

Жалпы тіл үйренгісі келетіндерге арналған жазба дискілерін қолданудың да тигізер пайдасы көп екеніне көз жеткізуге болады. Сондай жолмен өз бетінше мемлекеттік тілді меңгеруді жетілдіріп, пысықтап жүрген адамдар да аз емес. Жалпы «Талаптыға нұр жауар» дегендей, тілді меңгеруге ынта-ықылас білдіріп, ізденген жандар үшін мүмкіндік табылатыны ақиқат. Тек сөзбұйдалыққа салынып, жалаң сөзбен жоспар құрмай, сөзден іске көшкен адамның әрекеті нәтижелі болатыны белгілі жәйт қой. Өзге тілге ынтасы ауып, өзінің ана тілін өгейсітіп жүргендер, ең алдымен туған ана тілін білу асыл парызы екенін мықтап есте сақтаса нұр үстіне нұр болар еді.

Күнделікті жұмысымызда кездестіріп қалатын мына бір мысал да назар аударуға тұрарлық. Кейбір қандастарымыз орыс мектебін тәмамдағандықтан өзі қазақша шұбарлап сөйлейтіндіктен сот процестерінде мемлекеттік тілде сөйлеуге арланатын сияқты. Мәселен, дауласушы тараптардың бәрі өзіміздің қандастарымыз бола отырып, кейбіреулер аудармашымен қамтамасыз етуге өтініш білдіреді. Содан басында аудармашының көмегіне жүгініп отырған әлгі адам екі тараптың «айтысы» қыза түскен кезде мемлекеттік тілде дауласып, дес бермей кетеді және аудармашы жайына қалады. Бұл мысал да мемлекеттік тілдің қолдануын құнттамайтынымызды көрсетеді.

Жоғарғы Сот тарапынан қабылданған сот актілерін қарапайым халыққа түсінікті әрі нанымды болуы үшін көз сүріндіретін шұбалаңқы сөйлемдерден арылып, қысқа да нұсқа жай сөйлемдер арқылы жеткізу жөнінде талап қойылып отырады. Судьялар сол талапты бұлжымас басшылыққа алып келеді.

**Манат ҚАСБАҚБАЕВ,**
**Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

ӘЛЕУМЕТ

## ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛДІҢ ҚҰТЫ

**«Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет» демекші, мақалаға арқау болған Жолдас Айткешев өз еңбегімен ел ішінде құрметке ие болған азамат.**

Ол 1953 жылдың 15 қазанында Елтай (Абай) ауылында дүниеге келген. Әкесі өмірден ерте озып, жастайынан еңбекке араласты. 1975-1978 жылдары Абай ауылында, 1978 жылдан 2003 жылға дейін, 25 жыл бойы «Уштобенский» совхозында механизатор болып еңбек етті.

Еңбек адамы – қашанда елдің құты. Шалқалап жатып, шалқып өмір сүрсем деп қиялдағаннан қарын тоймайды. Расында да байлық та, бақыт та адал еңбек, маңдай тердің арқасында келеді. Ағамыз құдай қосқан жары Ария Супжановамен 46 жыл бірге өмір сүріп, 5 қыз, 1 ұл тәрбиеледі. Бүгінде балаларынан 7 немере сүйіп отыр.

«Еңбек дегеніміз – қозғалыс. Ойлап қарасам, мына өмірде еңбексіз адам болмайды. Егер адам ешқашан еңбектенбесе, сөзсіз аштан өлер еді. Сондықтан жер бетіндегі тіршілік етіп жүрген адамның барлығын еңбек адамы деп айтар едім», – дейді 71 жастағы зейнеткер Жолдас Айткешев.

**Айнагүл БІЛӘЛ,**
**Ескелді ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.**
ҚАРАТАЛ АУДАНЫ

МАМАН МІНБЕРІ

## ҚАРЫЗ БЕРГЕНДЕ ҚЫРАҒЫЛЫҚ КЕРЕК

**Мәжіліс депутаттары екінші оқылымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне несиелеу кезінде тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қабылдаған болатын. Осы заң аясында кепілсіз тұтыну несиелері бойынша қарыз алушылардың жағдайын жақсартуға тиіс.**

Алайда, берешектері жеке сот орындаушыларына (ЖСО) орындауға берілген азаматтар аз емес. Өкінішке орай, еліміздегі атқарушылық іс жүргізу және ЖСО қарыздарды өндіріп алу кезінде қиындықтар да туындап жатады.

2023 жылы республика бойынша жеке сот орындаушыларында айыппұлдар, алименттер, коммуналдық төлемдер бойынша қарыздар және тағы басқаларын қосқанда шамамен 9 миллиондай іс болған. Осы 9 миллион істің шамамен 3,5 миллионы екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарындағы қарыздарды өндіріп алуға қатысты болған. Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының берген мәліметтеріне сүйенсек, бұл істердің бәрі жаңа емес. Істердің 55 пайызға жуығы ғана жыл сайын жаңартылып отырады.

Әдетте, борышкердің бір микроқаржы ұйымынан алған қарызы 50-100 мың теңгеден аспайды. Бірақ жиі кездесетін жағдай – бір қарыз алушы бірнеше іс бойынша борышкер болып шығады. Яғни жеке сот орындаушылар бір адамның бірнеше микроқаржы ұйымына қарыздар жинауға тиіс. Көбіне борышкердің атында ешқандай мүлік болмайды. Тіпті жұмысы да жоқ, әдетте ажырасқан азамат болып шығады. Ол азаматтың әрине алимент бойынша да қарызы болады. Мұндай азаматтардан қарызды қайтару қиынға соғатыны айтпаса да белгілі. Ондай адамдар өмір бойы қарызын қайтармай жүре беруге дайын. «Жағдайым жоқ. Қолыма тиын түссе бірден қарыздарымды қайтарамын», – деп ақталады. Мұндай адамдарды күштеп жұмыс істете алмайсың ғой. Міне, осы жерде заңның әлсіздігі айқын көрінеді. Заң тарапынан осындай борышкерлерге жаза қолданылса жеке сот орындаушылардың да проблемалық істері азаяр еді.

Сөз соңында айтарым, алаяқтардың арбауына түсіп қалмас үшін кез келген адам өз құқығын, заңды білуі керек. Біреуге, тіпті, жақын танысқа немесе ағайын-туысқа қарыз бергенде мұқият болыңыздар. Ондай жағдай бола қалса міндетті түрде қолхат жазып алып, кепіл сұрау керек. Ескере кету керек, кепілге қоятын мүліктің қарыз алушы адамның атында екеніне көз жеткізіп алған жөн. Себебі кепілдікке қойған мүлік кейін тексергенде банкте бұрыннан кепілде тұруы мүмкін. Сонымен қатар, қарыз алушының әйелі немесе күйеуінің келісімі болуы қажет. Осы мәселелер ескерілмеген жағдайда сот шешімінің орындалуы қиындай түседі. Сондықтан қарыз беруде қырағылық танытқан жөн.

**Мақсат САРЧУЛАҚОВ,**
**Жетісу облысы орындаушы округінің жеке сот орындаушысы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

# НЕ ДОПУСТИТЬ НЕОБОСНОВАННОГО ПОВЫШЕНИЯ ТАРИФОВ СОТОВЫХ ОПЕРАТОРОВ

**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР КАЗАХСТАНА ОЛЖАСБЕКТЕНОВ НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА 18 ИЮНЯ ПОРУЧИЛ НЕ ДОПУСТИТЬ ЦЕНОВОГО СГОВОРА И ПОВЫШЕНИЯ ТАРИФОВ СОТОВЫХ ОПЕРАТОРОВ, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ ZAKON.KZ.**

Глава правительства подчеркнул, что отдельного внимания заслуживает вопрос периодического увеличения стоимости тарифов операторов. А после напомнил, что в целях развития конкуренции было отменено государственное регулирование тарифов на услуги связи.

«Именно конкуренция должна стать главным регулятором. Пока этого не происходит — у всех операторов расценки примерно одинаковые», - заявил ОлжасБектенов.

Премьер-министр добавил, что в рамках Налогового кодекса также предусмотрена скидка для операторов в размере 90% на радиочастотный спектр. Сэкономленные средства в соответствии с лицензионными обязательствами операторы должны инвестировать в развитие инфраструктуры связи.

«Поэтому Министерству цифрового развития совместно с антимонопольным органом необходимо обеспечить полноценное исполнение операторами своих обязательств, не допускать ценовых сговоров и необоснованного повышения тарифов», - отметил ОлжасБектенов.

ЭКОНОМИКА

***БОЛЕЕ 196 МЛРД ТЕНГЕ ПОЛУЧИЛИ МНОГОДЕТНЫЕ СЕМЬИ В ВИДЕ ПОСОБИЙ С НАЧАЛА 2024 ГОДА. ВСЕГО В 2024 ГОДУ НА ВЫПЛАТУ ГОСПОСОБИЙ МНОГОДЕТНЫМ СЕМЬЯМ ПРЕДУСМОТРЕНО 474,8 МЛРД ТЕНГЕ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.***

# КАКИЕ ВЫПЛАТЫ ПОЛОЖЕНЫ МНОГОДЕТНЫМ СЕМЬЯМ В КАЗАХСТАНЕ

Как рассказали 18 июня в пресс-службе Министерства труда и социальной защиты населения, с начала 2024 года выплаты по многодетности в среднем получили 582,4 тыс. семей, в том числе за май 592,6 тыс. семей на общую сумму 40 млрд тенге.

«На данное государственное пособие могут претендовать семьи, имеющие четырех и более совместно проживающих несовершеннолетних детей или студентов очной формы обучения в возрасте до 23 лет, вне зависимости от их дохода», — пояснили в Минтруда.

Размеры выплат дифференцированы в зависимости от количества детей и в 2024 году составляют:

с 4 детьми — 16,03 МРП, или 59 183 тенге;
с 5 детьми — 20,04 МРП, или 73 988 тенге;
с 6 детьми — 24,05 МРП, или 88 793 тенге;
с 7 детьми — 28,06 МРП, или 103 598 тенге;
с 8 и более детьми — по 4 МРП, или по 14 768 тенге на каждого ребенка.

С 1 января 2024 года все государственные социальные пособия семьям, имеющим детей, повышены на 7%.

СУД РАССМОТРЕЛ ДЕЛО

# ПЕДОФИЛА ПРИГОВОРИЛИ К ПОЖИЗНЕННОМУ ЛИШЕНИЮ СВОБОДЫ В СЕМЕЕ

**В Семее педофила приговорили к пожизненному лишению свободы, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Abainewskz.**

Судебная коллегия по уголовным делам суда области Абай рассмотрела апелляционную жалобу адвоката в защиту интересов подсудимого, который был осужден по 4-й части 121-й статьи УК РК: «Насильственные действия сексуального характера в отношении малолетнего».

Согласно материалам дела, мужчина, используя беспомощное состояние малолетнего потерпевшего, совершил насильственные действия сексуального характера.

«В суде гражданин Г… вину не признал, но его действия были доказаны материалами уголовного дела, заключениями судебно-медицинских экспертиз, показаниями потерпевшего, его представителей и свидетелей»,- отметили в суде.

Так, специализированный межрайонный суд по уголовным делам признал его виновным и назначил ему наказание в виде пожизненного лишения свободы. И на основании 2-й части 50-й статьи УК РК ему был наложен пожизненный запрет занимать педагогические должности и должности, связанные с работой с несовершеннолетними.

«Апелляционная инстанция подтвердила приговор, оставив его без изменения. Осужденный будет отбывать наказание в учреждении уголовно-исполнительной системы чрезвычайной безопасности», - добавили в пресс-службе суда.

ЭКОЛОГИЯ

# В МИНСЕЛЬХОЗЕ КАЗАХСТАНА ЗАЯВИЛИ О РИСКЕ ЗАЛЕТА САРАНЧИ ИЗ РОССИИ

**В КАЗАХСТАНЕ ПЕРЕЧИСЛИЛИ ЗОНЫ ПОВЫШЕННОГО РИСКА ЗАЛЕТА САРАНЧИ ИЗ РОССИИ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ МИНИСТЕРСТВА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА.**

На сайте Минсельхоза опубликована информация об очередном заседании центрального оперштаба по борьбе с саранчой. В зоне повышенного риска залета саранчи с приграничных территорий России находятся Айтекебийский район Актюбинской области, а также Житикаринский и Денисовский районы Костанайской области, где проходят пути стадной миграции.

Сообщается, что штаб-квартиру регионального центра управления по борьбе с саранчой Актюбинской области решено перенести в Айтекебийский район.

"Для оперативной обработки залетной саранчи в Джангельдинском и Камыстинском районах Костанайской области работает 21 единица техники. При увеличении численности саранчи есть готовность перекинуть дополнительную технику.

Как отметил вице-министр сельского хозяйства ЕрмекКенжеханулы, с российским отраслевым ведомством отрабатываются совместные меры противодействия. Наряду с этим проводятся обследования на границах с Китаем и Узбекистаном", — сказано в сообщении.

Сообщается, что на 18 июня мероприятия против стадных саранчовых проведены на площади 1,3 млн гектаров или 51,7% от прогнозируемой. Химическая обработка против итальянского пруса проведена на площади 920,6 тыс. гектаров (44,5% от прогноза).

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

# «ТАТУ ҮЙГЕ ТАҚСЫРЕТ ЖОЛАМАЙДЫ»

***АРДАГЕР СӨЗІНІҢ ТҮП-ТӨРКІНІ ҚҰРМЕТТІ, АРДАҚТЫ, ҚАДІРЛІ АДАМ ДЕГЕН МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ. ЕЛ ҚАМЫН ОЙЛАП, НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН, ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН АБЫРОЙЛЫ АДАМДЫ «ХАЛЫҚ АРДАГЕРІ» ДЕП ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙДЫ.***

Жеке адам қоғамда ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жұртшылыққа танылғанда ғана ардагер болады. Қазіргі кезде еңбек ардагері, соғыс ардагері деп атаймыз. Бұл бір адамға ғана қаратып айтылған теңеу. Ал саяси аренада елге еңбегі сіңген, халық алдында беделі бар адамдарды ұйыстырып Ардагерлер кеңесін құрған билік айтулы ақсақалдардың ақыл-кеңестеріне құлақ түріп келеді. Ел ішіндегі түрлі шараларға, дау-жанжалдарға, береке-бітім жасауға осы ардагерлер тартылып жатады. Сонымен, ардагерлер дегеніміз кім? Олардың қоғамдағы рөлі, атқарып отырған жұмыстары қандай? Бүгінгі әңгіме ауаны осы төңіректе өрбімек.

Көксу аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сайлау Бәзіловтың айтуынша, аудандық Ардагерлер кеңесі әкімдікпен бірлесе жұмыс жасайды. Елдің мақсат-мүддесі жолында аудандық әкімдікпен тізе қосып жұмыс атқаратын ардагерлер аудан көлеміндегі жүзеге асырылып жатқан барлық бағдарламадан шет қалған емес.

– *«Келісіп пішкен тон келте болмайды» демекші, жергілікті билік те ардагерлерді жиындардан шет қалдырмайды,* – деген С. Бәзілов қандай да бір игі бастаманы жүзеге асыру кезінде әуелі ардагерлердің сөзіне құлақ түріп, ақылдасып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отыратынын тілге тиек етті.

– *Ақсақалдар алқасына құлақ түріп, олардың ақыл-кеңестері мен көзқарастарын назарға алған жергілікті билік те ардагерлерді ардақ тұтады. Аудан көлемінде қандай да бір мәселе туындаса, көпті көрген көнекөздер жиналып, ақ-қарасын ажыратып, сабырлы да салиқалы жолмен шешуге бекемдейді. Бұл үрдіс ата-бабадан келетін салт-дәстүр. Үлкеннің батасын алу, оларға құрмет көрсету, қарты бар үйді қазыналы үй деп есептеген қарға тамырлы қазақ қариялардың өзін төрт топқа бөлген. Мәселен, халық батыры Бауыржан Момышұлы ақсақалдардың қоғамда, отбасы-ошақ қасында алатын орны қашан да ерек екенін айтады. Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қартты – шал, әулетін уысында ұстап, билік жүргізген қартты – қария деп, тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айбынын асырып отырған қартты – ақсақал деп, елдің дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты – абыз деп атаған екен. Біз өзімізді осы бағыттағы қарттармыз деп есептейміз. Себебі жастарға жол сілтейтін, тек жастар емес, әкім қаралардың атқарып отырған ісіне баға беріп, дұрыс жеріне қолдау көрсетіп, бұрыс жерінде жөн сілтейміз. Біз – көнекөз қариялармыз. Тар жол, тайғақ кешуден өткен ұрпақтың өкіліміз. Бар мен жоқты, кешегі сұрапыл аштықты, соғысты, зобаланды көрген көнекөздердің ақылын, өсиетін, терең мағыналы әңгімелерін тыңдап өскен баламыз. Азды-көпті қоғамға еңбегіміз сіңді, алдыңғы толқын ақсақалдардың алдын көрдік, шалыс баспадық, енді қариялар санатына қосылған соң ардагер деген атымызға лайық болсақ дейміз. Шынайы ардагерміз бе, жоқ па, жалпы осы атауға лайықтымыз ба? Оның бағасын халық берер. Аудандағы береке-бітімді ұйыстырып, сетінеген жерді бүтіндеп, отбасы – ошақ қасындағы ер мен әйелдің ара-жігін айырып отыру да ардагерлерге жүктелген. Әсіресе, шаңырақ көтерген жас отаулардың отбасы мәселесіне жеңіл-желпі қарауы, тұрмыстағы қиындықты бірлесіп көтермей, бүгін қосылып, ертең ажырасып, екі тараптың сотқа жүгініп, дүние-мүлік бөлісіп жүруі, алимент төлеуден жалтарып жүрген қашқын әкелердің балашағаларын тірі жетім атандырып жүрген әйелдердің мәселесіне Ардагерлер мен Аналар кеңесі атсалысып жатады. Аудандық әкімдік те ардагерлердің ерен еңбегін жоғары бағалап, оларға әрдайым қолұшын созып келеді.*

Айтуынша, әкімдік тарапы Абай облысының Семей қаласына, Жейдебайға Абай Құнанбаевтың басына барып тәу етуге отыз шақты аудан ардагерін жіберген. Олардың барып келу, жатын орны, тамақтану, жол қаражатына кәсіпкерлер қолдау көрсетіпті.

– *Түркістан облысына, Алматы облысының Ұзынағаш ауылындағы XX ғасырдың гомері атанған жыршы жырау, ақын Жамбыл Жабаевтың мұражайына, Қазақстанның халық әртісі, Нұрғиса Тілендиевтің зиратына бардық. Осының бәріне бізге арнайы көлік бөліп, қауіпсіздігімізді сақтап, қазақ даласының қасиетті жерлері мен заманында өмір сүріп, қоғамға, мемлекетке үлкен еңбек сіңірген, өмірден өткен тұлғалардың басына барып, құран бағыштап, көрген-білгенімізді насихаттай жүру – біздің парызымыз. Аудан әкімі де ардагерлермен тығыз байланыс орнатқан. Әкімдіктің қандай да бір жиындарынан тысқары қалып көрген емеспіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сындарлы саясатын, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда қартайдық, қажыдық деп жантайып жата берсек бізге ешкім қой демейді. Керісінше, билік өкілдері көрген-білгендеріңізді жастарға айтыңыздар, бізге де ақыл кеңестеріңіз ауадай қажет деп қолқалап отырады. Ардагерлердің алқа жиыны үш айда бір рет өтіп тұрады. Бұл жиынға екі рет аудан әкімі келіп қатысып, біздің ой-пікірімізді, ауылдағы ақсақалдардың мұң-мұқтажын тыңдап, нәтижелі шешімдер шығарылды. Ардагерлер ұсынған келелі мәселелердің кейбірін шешуге уәде берді.*

*Ауданымызда өзге ұлт өкілдері де бар. Олардың да ой-мақсаты Қазақстанның өркендеу жолында сүбелі үлес қосу. Қазақта «тату үйге тақсырет жоламайды» деген тәмсіл бар. Олардың да ой-пікірлерін ескеріп, әдеп-ғұрпына атсалысып отырамыз. Ауданда қандай да бір шаралар өтсе соның басы-қасында Ардагерлер мен Аналар кеңесі жүреді.*

*Бүгінгі қоғамда ең өзекті мәселеге айналған зорлық-зомбылық, отбасылық жанжалдар, жастар арасындағы белең алған ажырасуларды тежеуде аянып жатқан жоқпыз. Мұның бәрі айналып келгенде тәлім-тәрбиенің ақсауы, идеологиялық бағыттың әлсіреуі, отбасылық құндылықтардың құлдырауынан болып тұр. Жасыратыны жоқ, тәуелсіздік алған жылдардан бастап Еуропаға еліктейміз деп естен танғанымызды кеш біліп отырмыз. Бір сөзбен айтқанда батыстың батпағына батып қалдық. Діннің діңгегі босады, жат ағымның жетегінде кетіп жатқан ұл мен қыздарымыз бар. Салт-дәстүрді көненің сарқыншағы санадық. Ұлдан ұят, қыздан қылық қашты. Ата-ананы сыйламайтын әңгүдік жастар көбейді. Алдау-арбау, кісі ақысын жеу, қоғамда қомағайлық үрдіс алды. Осы кеселдермен күресіп жатырмыз,* – дейді Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлау Бәзілов.

Өз сөзінде С. Бәзілов жақында Алғабас ауылында үлкен арыз-шағым жазылып, арты кикілжіңге дейін барғанын айтты.

– *Осыған орай аудандық ақсақалдар алқасының мүшелері түгел барып, жиын өткізіп, жастармен бірге мәселенің мәнісін талқылап, нәтижесін шығардық. Ұрлық қарлық та болып жатады. Осы мәселені шешуде де аудандық ақсақалдар алқасы, аудандық полиция, прокуратура, сотпен тағы басқа да бөлімдермен тығыз жұмыс жасаудамыз. Ауыл халқының талап-арыздарын шешу жөнінде аудандық ақсақалдар алқасының мүшелерімен ақылдасу үшін айына бір рет бас қосамыз. Жанжақтағы әкімнің қабылдауына кіре алмай жүрген ақсақалдар болса әкімдікке арнайы хат жолдаймыз. Біз – халықтан алыстаған жоқпыз, әр ауылға барып қал-жағдайын біліп отырамыз және сол жақтың ақсақалдар алқасымен жақсы қарым-қатынастамыз. Көтеріп отырған мәселемізді тиісті органдарға жіберіп, оның орындалғанын бақылауға алып, өзімізше шешім қабылдап отырамыз. Сондай-ақ, Жетісу облысының ақсақалдар алқасымен де жақсы араласамыз. Олармен Жетісу облысында атқарылып жатқан дүниелерді талқылаймыз,* – деген ол «Жас адам қызметке, қарт адам кеңеске» дегендей, кеңесіп тон пішетіндерін де тілге тиек етті.

«Көп қарттың ішінде бір бала дана болар, көп баланың ішінде бір қарт бала болар», «Қартайған адам нашар көрсе де, көпті көреді» деген аталы сөз бар. Ендеше, көптің сөзін сөйлеп, ақ пен қараны айыра білгенге не жетсін?!.

**А. БҰЛҒАҚОВ.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



***Жылдың төрт мезгілінде де табиғат апаттары болып тұрады. Мың жерден тосын оқиғаларға сақадай саймыз деп айтқанымызбен табиғаттың тосын мінезіне шара қолдана алмаймыз. Әлгіндей оқиғалар болған кезде бұрын ТЖБ мен жергілікті органдардың төтенше жағдайларға байланысты алдын-ала атқардық деген жұмыстарынан шикілік шығады. Оның айқын көрінісін биылғы Солтүстік, Батыс өңірлерінде болған төтенше жағдайлар айқын көрсетті.***

# ТӨТЕНШІЕ ЖАҒДАЙ – ЖАЙБАСАРЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Өзен арнасындағы бөгеттер, су тоспалары табиғат апаттарына даяр болмай шықты. Жылма-жыл болып тұратын дала өрті де өзекті өртейді. Ауа райының қатты ысуынан немесе жауын-шашынды күндері найзағай түсіп, отқа оранып жатқан жасыл-желек ормандарымызды қалпына келтіруге қаншама жыл кетеді. Құдай да сақтанғанды сақтаймын деген ғой. Табиғи апаттардың алдын алуда жергілікті билік органдары мен ТЖБ-ның сан соғып жататынын немен түсіндіруге болады?

Қоғамдағы экологиялық ахуал, табиғаттың тосын мінезі, ауа райының құбылуы кейінгі он-он бес жылда адамзат баласын әбігерге салып келеді. Қоршаған ортаға немқұрайлы қарау, табиғатты аялаудың орнына тамырына балта шабу, экологиялық жағдайларды адамзат баласының өзі ушықтырып жіберді. Оның үстіне түрлі көзбояушылықтар, бөлінген қаржының тиімді пайдаланылмай, талан-таражға түсуі, жемқорлықтың желіндеуі, ел мүддесін емес, қара басының қамын күйттеген шенді-шекпенділердің теріс әрекеттері әшкереленіп жатыр. Биылғы қыс солтүстік өңір түгілі оңтүстіктің тұрғындарын біраз әбігерге салды. Қалың түскен қар көбесі ерте көктемнен жер тоңы жібімей жатып, тасқынға ұласты. Ал солтүстік өңірлердің шенділері Мемлекет басшысын, Үкімет мүшелерін төтенше жағдайларға жүз пайыз дайынбыз деп сендірді. Күн көзі күрт жылынғанда Ақтөбе облысының шалғай елді мекені тұрмақ, қала ішін еріген қар суы басып қалды. Ел-жұрт ұлардай шулады. «Бақсам бақа екен» демекші, бұл үрдіс ақтөбеліктер үшін жылда болып тұратын құбылыс екенін халық айтты. Өзен арналарының тереңдетіп қазылмауы, тазаланбауы, жағалаулардың берік бітелмеуі, сел тасқыны бола қалған жағдайда артық суды құйып ала қоятын су қоймаларының салынбауы, барының өзі күрделі жөндеулерден өтпеуі, алапат тасқын кезінде көзге шыққан сүйелдей бақырайып көрініп тұрды. Қаннен қаперсіз жүрген әкім-қаралардың жайбасарлығынан ауылдарды су басып, малдары суға кетіп, халқы суда қалып, төтенше жағдай жарияланып, құрылымдық күштер мен техника жұмылдырылды. Бұл іске Мемлекет басшысы өзі араласып Үкімет мүшелерін кабинетте отырғызбай, тасқын болған аймақтарға аттандырып, суда қалған ел-жұртты көшіріп, бюджеттен, қордан қаражат бөліп, әупірімдеп елді аман алып қалды. Қара күзге дейін баспаналары жарамсыз болып қалғандарға баспана сатып алынып, үйсіз қалғандарға кілттері табысталып жатыр. Табиғат апаты тек қана Қазақстанда болып қойған жоқ, көрші Ресейде, Еуропа елдерінде де болып жатыр. Алайда, айтпай келетін табиғи құбылыстарға төтенше жағдайды қадағалау мекемесі мен жергілікті биліктің көзі қырағы болуы керек еді. Олай болмай шықты. Тасқынның салдары әлі толық зерделеніп болған жоқ, тексерілуде. Бұл бір күннің ішінде бола қойған оқиға емес-ті. Жылда ана жерді су шайып кетті, мына жерді тасқын жырып кетті деп айтылып жүрді. Су тоспалары қадағалаусыз қалып қойғанын, көптеген шикіліктің бетпердесі ашылғанын, биылғы көктемде болған қар суы мен табиғат апаты көрсетіп берді. Жергілікті мемлекеттік органдар мен төтенше жағдайлар департаменті Мемлекет басшысы мен Үкіметке жалған ақпарат беріп келгенінің куәсі болдық. Оны солтүстік пен батыс аймақтарында болған су тасқыны дәлелдейді. Абырой болғанда, бұл келеңсіз оқиғадан Жетісу облысы дін-аман шықты. Өңір басшысы Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев облыс тізгінін қолына алғалы, әсіресе, төтенше жағдайға баса мән бергенін аңғардық. Тіпті іргеміз тиіп тұрған Алматы облысында болған су тасқыны, еріген қар суы бізде болмады. Аныңын айтқанда, былтыр, алдыңғы жылдары көктемгі су шаю оқиғалары Ескелді, Кербұлақ, Алакөл аудандарында қылаң берген болатын. Міне, сол сәттен бастап өңір басшысы төтенше жағдайларды жіті зерделеп, өзендер арнасын тазарттырып, қауіпті деген аймақтарды бақылауға алып, тиісті шараларды жүзеге асырды. Оны ақпарат құралдарына жариялап отырды. Су қоймаларына қадағалау жасады. Себебі 2010 жылы наурыз айының 11-інен 12-сіне қараған түні Қызылағаш су қоймасының емеуірінен асып, су торабын бұзып, бүкіл ауылды басқан тасқын 46 адамның өмірін жалмаған-ды. Бұл жетісулықтар үшін үлкен сабақ болды. Талап пен тәртіп бар жерде жұмыстың нәтижесі көрінеді. Жалпы облыс көлеміндегі төтенше жағдайлар туралы атқарылған жұмыстарды «Алатау» қоғамдық-саяси газеті назардан тыс қалдырмайды. Елдің мүддесі, тыныс-тіршілігі жайлы ұдайы айтып, жазып келеді.

Ал төтенше жағдайларға байланысты Ескелді ауданында 2023 жыл қандай жұмыстар атқарылды және 2024 жылы қандай шаралар жүзеге асырылуда?

*«Жергілікті атқарушы органмен бірлесіп Ескелді ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі Көкжазық ауылдық округіне қарасты Теңлік ауылының маңында орналасқан Қаратал өзенін, Қарабұлақ ауылында Қаратал өзенінің арнасын түзеп, жағалауына нығайту жұмыстарын жүргізді. Айтылы елді мекендердің Қаратал өзенінің бойын мекендеп отырғандықтан бұл қырағылық аса қажет. Әрі, аудан Текелі қаласымен иық тіресіп тұр. Табиғат апаты, әсіресе, жер сілкінісі Текеліде жылда қайталанып тұрады. Сондықтан сақтық шарасын ұмыт қалдыруға болмайды. Тасқын тек қана көктем айларында ғана болып қоймайды.*

*Күннің көзі күрт ысығанда Текелі тауларындағы қар көбесі сөгіліп, Қаратал, Көксу өзендерінің арнасына құйылса, жаңбыр мол жауып, қара нөсерге ұласқанда таудан аққан лай тасқын күш бермей кетуі бек мүмкін. Осындай қауіп-қатерден халықты әрі егістік алқаптармен жайылымдары, мал-жанды аман сақтау үшін жергілікті атқарушы органнан жұмыс қызметінде қолдану үшін құрал-жабдықтар сұралып сатып алынды»*, – дейді Ескелді ауданы ТЖБ басшысы Нұрдәулет Нұргелдіұлы Жақсыбаев.

Бұл өткен жылғы атқарылған жұмыстар болса, биыл Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Абай, Ешкіөлмес және Кірпіш зауыты ауылдарында көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында «Құсақ» каналында механикалық тазалау жұмыстары жүргізілген. ЖАО, аудандық ПБ мен бірлесіп күнделікті суға шомылуға тыйым салынған орындарда және орман шаруашылығының аумағына тиесілі жерлерде өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша рейдтер жүргізілген. Маусым айы бастала сала өзен-көлдерді жағалайтын ауыл балалары үшін тағы бір қауіп бар. Ол тыйым салынған суға шомылу орындары, әрі өрт қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Баланың аты бала, тыйым салынған жерге баруға болмайды десең де елеп-ескере бермейді. Қауіп-қатердің судан болатынын аңғармайды. Ал оның арты орны толмас өкінішке ұласып жатады. Сондықтан ауданның ТЖ бөлімі суға шомылу маусымы аяқталғанша қырағалықты көзден таса қылмайды.

*«Өзен бойын жағалаушыларға ұдайы қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат беріп тұрамыз. Қоршаған ортаны таза ұстауды, өрт апатын болдырмауды ескертеміз. Ол – біздің міндетіміз. Алайда, бәрі біз айтқандай бола бермейді. Тосын оқиғалар болмайды емес, болып тұрады. Оның бәрі балалар мен өзен бойында демалушылардың, суға шомылушылардың абайсыздығынан болады. Ал өрт қауіпсіздігі қоғам мен мемлекет үшін үлкен күш жігерді қажет етеді. Дала өрттері бола қалған жағдайда оны сөндіру де оңайға соқпайды. Қураған шөп, тоғай өрттері ырық бермей кетеді. Бұл үлкен күш-жігерді, әрі техниканы қажет етеді. Жеке тұрғын үйлердегі өрттің әңгімесі бір бөлек. Бұл жылыту маусымы басталғанда қатты отын тұтынатын, жеке тұрғын үйлердегі тұрғындардың пештің мұржаларын тазаламаудан ысқа уланып жатады. Газ балондарын тиімді пайдаланбаудан, электр желілерінің тұйықталуынан да болады. Бұл тек қана тұрғын үйлерде емес, сауда үйлерінде, базарларда кішігірім кәсіпорындардағы төтенше жағдайлар»,* – дейді Ескелді аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Нұрдәулет Нұргелдіұлы.

Жыл басынан бері қанша төтенше жағдай орын алды деген сауалымызға бөлім басшысы ағымдағы жылдың мамыр айына дейін 44 төтенше жағдай тіркелгенін айтты.

Жыл басынан бері 15 мобильді топ құрылып, қазіргі таңда 17 рейд өткізілген. Сондай-ақ, «Жетісу» телеарнасында 1 сюжет көрсетілсе, өрт қауіпсіздігі бойынша басылымдарға 14 мақала, әлеуметтік желілерде 78 мақала жарияланған.

Төтенше жағдайға қатысты ұдайы оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіліп, заманауи техникалар тартылуы тиіс. Өйткені кез келген қауіп-қатердің алдында кеуде тосып төтенше жағдайлар қызметкерлері тұрады. Төтенше жағдайлар туралы дабыл қағылғанда от пен судың ортасында жүретіндер де осылар. Қауіп-қатерге басын тігіп, өмір мен өлімнің арасында арпалысып жүріп қаза тапқан қаншама қызметкерлерді жақсы білеміз. Табиғат апаттарынан болатын төтенше жағдайларға түсініспікпен де қарауға болады. Ал адам баласының қолымен қасақана жасалып жатқан өрт немесе немқұрайлықтан болатын төтенше оқиғаларды ақтауға болмайды. Ол мемлекет үшін үлкен шығын, экономикаға келетін зауал.

**Айтақын МҰХАМАДИ**
**Суреттер ғаламтордан алынды.**

## Дүйсенбі - Понедельник, 24 маусым

### ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.10 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан»
таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12:10 «Тату-тәтті», реалити шоу
13.50 «47 баланың анасы»
14.45 Дала дәмі
15:15 «Апта» сараптамалық бағдарлама
16.15 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
23.50 Футбол

### ХАБАР

05:00 Мегахит
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:25 Деректі фильм
10.45 кино
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00, 21:45 Т/х «Келінжан»
16.00, 23:30 Т/с «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.50 Үздік әзілдер
12.00Т/х Құрақ
13.10 «Көкжалдар әміршісі»
14.00 Мираж Т/с
14.50, 00.10 Т/с «Склифософский-8»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Сиделка»т/с
20.00 «Астана таймс»
00.10 Т/с «Склифософский-9»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 фильм
14.00 новости
14.15 жаңалықтар
14.30 қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с
00.10 Ночной кинотеатр
01.15 «Раневская»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

### КТК

07:05, 05.05 «Әнім сен едің»
07.55 04.40 Т/х «Жат туыстар»
10.50 «Парад юмора» ш/п
12:40 криминальная драма
15.00 Т/х «Намыс»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 вскрытие покажет
02.00 криминальная драма
03:35 Астарлы ақиқат
04.15 кешкі жаңалықтар қайталау

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Шіркін-ай»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Ділмар»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Менің балалық шағым»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ойсарап»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Елге қызмет»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 Ханзада жумонг
12.40 Тик-тоу шоу
15.40 Кино.
17.50 Кино
20.00 информбюро
21.00 Кино
23.10 Ханзада Жумонг
01.50 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
06.30 Жұлдыздар шеруі
07.30 Мультфильм
08.30 м/с
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 Т/с
13.00 Т/с
15.00 «Күйеу бала»
17.00 т/х
19.00 Т/с «Сын»
00.00 КТА
01.50 Зың-зың Күлпәш
03.50 Келесі кім?
05:12 Үзіліс

## Сейсенбі - Вторник, 25 маусым

### ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.10 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12:10 «Тату-тәтті», реалити шоу
13.50 «47 баланың анасы»
14.45 Дала дәмі
15:15 «Апта»
16.15 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
23.50 Футбол

### ХАБАР

05:00 Мегахит
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:25 Деректі фильм
10.45 кино
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00, 21:45 Т/х «Келінжан»
16.00, 23:30 Т/с «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 Т/х «Қорғаушы ханым»
11.50 Үздік әзілдер
12.00Т/х Құрақ
13.10 «Көкжалдар әміршісі»
14.00 Мираж Т/с
14.50, 00.10 Т/с «Склифософский-8»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Сиделка»т/с
20.00 «Астана таймс»
00.10 Т/с «Склифософский-9»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 Фильм
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с
00.10 Ночной кинотеатр
01.15 «Раневская»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

### КТК

07:05, 05.05 «Әнім сен едің»
07.55 04.40 Т/х «Жат туыстар»
10.50 «Парад юмора» ш/п
12:40 Криминальная драма
15.00 Т/х «Намыс»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 Вскрытие покажет
02.00 Криминальная драма
03:35 Астарлы ақиқат
04.15 Кешкі жаңалықтар қайталау

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ел мен жер»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Елге қызмет»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Барыңды бағала»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 Ханзада жумонг
12.40 Тик-тоу шоу
15.40 Кино.
17.50 Кино
20.00 информбюро
21.00 Кино
23.10 Ханзада Жумонг
01.50 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
06.30 Жұлдыздар шеруі
07.30 Мультфильм
08.30 М/с
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 Т/с
13.00 Т/с
15.00 «Күйеу бала»
17.00 Т/х
19.00 Т/с «Сын»
00.00 КТА
01.50 Зың-зың Күлпәш
03.50 Келесі кім?
05:12 Үзіліс

## Сәрсенбі - Среда, 26 маусым

### ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.10 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12:10 «Тату-тәтті», реалити шоу
13.50 «47 баланың анасы»
14.45 Дала дәмі
15:15 «Апта»
16.15 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
23.50 Футбол

### ХАБАР

05:00 Мегахит
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:25 Деректі фильм
10.45 кино
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00, 21:45 Т/х «Келінжан»
16.00, 23:30 Т/с «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 Т/х «Қорғаушы ханым»
11.50 Үздік әзілдер
12.00Т/х Құрақ
13.10 «Көкжалдар әміршісі»
14.00 Мираж Т/с
14.50, 00.10 Т/с «Склифософский-8»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Сиделка»т/с
20.00 «Астана таймс»
00.10 Т/с «Склифософский-9»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 Фильм
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с
00.10 Ночной кинотеатр
01.15 «Раневская»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

### КТК

07:05, 05.05 «Әнім сен едің»
07.55 04.40 Т/х «Жат туыстар»
10.50 «Парад юмора» ш/п
12:40 Криминальная драма
15.00 Т/х «Намыс»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 Вскрытие покажет
02.00 Криминальная драма
03:35 Астарлы ақиқат
04.15 Кешкі жаңалықтар қайталау

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Домбыра»
12.00«Барыңды бағала»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 Ханзада Жумонг
12.40 Тик-тоу шоу
15.40 Кино.
17.50 Кино
20.00 информбюро
21.00 Кино
23.10 Ханзада Жумонг
01.50 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
06.30 Жұлдыздар шеруі
07.30 Мультфильм
08.30 м/с
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 Т/с
13.00 Т/с
15.00 «Күйеу бала»
17.00 т/х
19.00 Т/с «Сын»
00.00 КТА
01.50 Зың-зың Күлпәш
03.50 Келесі кім?
05:12 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАНЫМ

# ҒАСЫР ЖАСАҒАН МАЙДАНГЕР

***ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ АЛҒА АУЫЛЫНДА ТҰРАТЫН АУДАН, ОБЛЫС, РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫМАЛ ЖАСЫ ЖҮЗДЕН АСҚАН ҚАРИЯ СОЛТАНБАЙ ЖАРЫҚБАСОВ ҚОС МАЙДАННЫҢ АРДАГЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.***

Ол 1956 жылы Жамбыл қаласындағы училищені бітіріп, Бәйтерек пен Қарабұлақ ауылындағы мектепте дене тәрбиесі мен тарих пәнінен сабақ берді. *«Ол кезде машина аз, ерте тұрып мектепке әрең жетемін. Жас болған соң шаршағанды білмейсің, күзде, көктемде білінбейді, қақаған қыста қарға омбылап, жаяу барып келіп істегенмін, қайран жастық шақ»*, – деп өткен шағын есіне алған қарт Алға ауылындағы жеті жылдық мектепте директордың орынбасары, директорлық қызметте болып, білім саласында көп жыл қызмет атқарды. Алматы қаласындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген соң оны аудан басшылары комсомол, партия жұмыстарына шақырды. Соғыс жылдары партия мүшелігіне өтіп, колхозда саяси жетекші (парторг) қызметін де атқарды.

Өз сөзінде абыз: *«Адамның өмірлік жарынан артық жанашыр болмайды»,* – деп жолдасы Роза апамыздың бала-шағасына қамқоршы ана, жұмысқа ерінбейтін жан болғанын, үйдің төңірегіне бақша отырғызып, бала-шағаға тынным бермейтін еді деп еске алды.

Өз естелігінде Солтанбай атамыз 2010 жылы жиен қызын ертіп Ленинградқа барғанын, Нева өзенінің жағасындағы зиратта жерленген 78 бауырластар зиратында соғыстан оралмағандардың ішінен бауырының зиратын тауып, бір уыс топырақ алып, әкелері жерленген зираттың басына әкеліп қойғаны туралы да айтты.

Бауырының зиратын тауып, оған барып бір уыс топырақ алып, құран бағыштап қайтқанының өзі атамыздың ерлігі деп бағалаймын... Соғыстың зардабын тартып, азыптозған еліне адал қызмет жасап, еңбегі еленген атамыз 1985 жылы жасы келіп, дербес зейнеткерлікке шықты. Қос майданның ардагері Солтанбай атамызға өз ауылында арнайы көше аты берілген.

Алға ауылының гүлденуіне аянбай тер төккен ақсақалдан аудан, ауыл тұрғындары арнайы барып, ақыл-кеңес сұрап, құрметтейді. Ол – ауылына бірінші болып жолға асфалт төсетіп, ауылға жаңа мектеп, мешіт, хатымхана салуына тікелей араласып, ел-жұртының құрметіне бөленген жан.

Жеңіс туын желбіреткен қос майданның ардагерін, жылдағы қалыптасқан салт-дәстүр бойынша арнайы құттықтауға барған облыс әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов ҚР Президентінің атынан келген «Алғыс хатын», облыс әкімінің «Алғыс хатын» табыстады.

Әскери-патриоттық тәрбиені жазып, насихаттап жүрген ардагер оқытушы ұстаз бен де абыз ақсақалға барып, әңгімелесіп тұрамын. Әңгіме арасында абыз ата 2015 жылы сол кездегі Елбасы Н. Назарбаевтың шақыруымен Астана қаласына барып, әскери форма киген Солтанбай атаға «Құрмет орденін» табыстағанын мақтанышпен айтты.

Майдангердің балалары атамыздың жүзге келген тойын Жеңіс күні қарсаңында атап өтті. Өз сөзінде ол: *«Ғасыр тойымды жасап берген бала-шағама ризамын»,* – деді.

Ғасыр жасаған атамыздың ұлы ісін кейінгі ұрпақ біліп жүрсін десек өзі салдырған мектепке де майдангердің аты берілсе нұр үстіне нұр болар еді... Бұл ойымыды аудан, облыс басшылары қолдайды деген сенімдемін.

Ғасыр жасаған абыз ақсақалдың өмірден көргені, жастық шағынан ойында жүрген, шежіре сөздерін естіп, қасында отырып әңгімелескен адам өзін бақыттымын деп сезінеді. Атамызға Алла күш- қуат, денсаулық берсін!

**Әсет АЛЖАНБАЙ,**
**ардагер оқытушы-ұстаз,**
**запастағы капитан.**
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

САЛТАНАТТЫ ШАРА

# ҚОРҒАНЫС ӘСКЕРЛЕРІ КҮНІН АТАП ӨТТІ

***ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС БРИГАДАСЫ 13 МАУСЫМ АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС ӘСКЕРЛЕРІ КҮНІН САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АТАП ӨТТІ.***

Мемлекеттік Әнұранмен ашылған салтанатты шарада қорғаныс бригадасының жеке құрамы мерекелік сап түзеді. Ары қарай аумақтық қорғаныс әскерлерінің батальон командирі подполковник Андрей Садыковтың құттықтау сөзімен жалғасты.

Салтанатты шарада мерекелік бұйрық оқылып, онда өзінің қызметтік міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарған бірқатар азамат пен азаматшалар бөлім командирінің грамотасымен және келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге кезекті әскери шендер табыс етілді.

Айта кетсек, бейбіт уақытта аумақтық әскерлер қысқартылған құрамда ұсталады. Ал төтенше немесе соғыс жағдай режимдерін енгізген кезде олар жергілікті халық арасынан әскери міндеттілерді шақыру жолымен өрістетіледі.

**Жетісу гарнизонының**
**баспасөз қызметі.**

САЙЫС

***ЖАҚЫНДА ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ АЛАКӨЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫНДА «ҚЫЗМЕТТІК ИТТЕРДІҢ ЕҢ ҮЗДІК МАМАНЫ» САЙЫСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.***

# ІІСШІЛ ИТТЕР СЫНҒА ТҮСТІ

Сайысқа «Достық» шекаралық бақылау бөліміне қарасты шекаралық бақылау бөлімшелерінің сақ құлақтары қатыстырылды. Кинологтардың қызметтік иттері кедергілерден өту, көлік құралын тексеру, бөлмені тексеру, қол сөмкелерді тексеру, адамды тексеру сияқты сынақтардан өтті. Жарыс кезінде қызметтік иттердің дайындықтарының жоғары екені байқалып тұрды. Нұсқаушылардың пәрмендерін бұлжытпай орындап, есірткі мен жарылғыш заттарын оңай тауып жатты.

«Қызметтік иттердің ең үздік маманы» сайысының нәтижесінде І орын – сержант Досжан Көшегеновке бұйырды. ІІ орын мен ІІІ орынды сержант Жарқын Құсманов пен кіші сержант Фархад Жәнібеков бөлісті.

Шекарашылардың сенімді досына айналған төрт аяқты қызметтік иеттердің жауынгерлік қызметтегі пайдасы зор. Шекара тәртібін бұзған жүргіншінің ізіне түсіп, тығылған жерін анықтайды. Шекаралық бақылау бөлімдерінде жолаушылардың жасырған жүктерін әшкере қылады.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі**
**Жетісу облысы бойынша**
**департаменті.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

# Қос мұңлық

Бұл неткен бітпейтін жас... Екі көзден сорғалайды да тұрады, сорғалайды да тұрады… Буалдыр күйде бода-бода болып, екеуі екі бұрышта күнұзақ тас мүсіндей қатып отырғаны. Жалғыз ұлдан айырылғалы жаралы жүректер у ішкендей. Қаралы жүректерге ем табылар емес. Күнді бақанмен итергендей күй кешуде. Ғұмырдың қызылды-жасылды балшырын күндерін өрт шалғандай. Күн тұсау бойы көтерілгенше тырп етпей жатып алады қос мұңлық. Тұрғанда не бітіреді? Не күтіп тұр?..

Күлән Нұрбегі жақсы көрген тор көзді көк көйлекті қолынан тастамайды. Отыра қалып иіскейді келіп, иіскейді келіп… Содан қорқынышты бір үнмен ыңырси жылауға көшеді. Әл жоқ. Әлден уақытта барып қалжыраған ана, күңірене күрсініп барып тынши қалады. Жатқанда да Нұрбегінің сол көйлегінен айырылмайды, бауырына басып жатқаны. «Құлыным-ай… Құлыным-ай…» – деп құмыға жылап жатқаны бір уыс болып.

– Сорлы-ау, қайғыдан қан жұтып, сіңіріңе ілініп қалдың, – дейді өзі де қалжырап отырған Зекен аянышпен. – Өлген адам қайта тіріліп келмейді. Өзіңді ая, мені де аясаңшы.

Күлән болса тосаң болған адамдай. Бедірейіп, бүдірі жоқ жалаңаш қабырғаны тесіп жіберердей тесірейе қатып қалған…

Емпеленде басып келген Зекен қария үйіне жақындай бере қалт тұра қалды. Үйде жылт еткен жарық жоқ. «Бұл сорлы қараңғыда бүрісіп, қамығып жатыр-ау». Қараңғы үйге қабырға сипалай, үрейлене, үркектей кірді. Жанталаса жарық жағып, шүңірейіп кеткен көзімен екі бөлмені сүзіп шықты. Жоқ… Құлазыған көңілі ойын сан-саққа алып ұшты. «Қайда кетуі мүмкін, а?..» Қоңсыға кетуі неғайбыл. Сүйретіліп далаға шықты. «О, сорлы-ай!.. Соры қалың сорлы-ай!..» Кенет… Кенет кемпірінің кешегі оқыс қылығы санасын селк еткізді. Зекен ақсақалдың есіне бір пәле түскен еді. Жылан жұтқандай болып қалшылдап тұрды да, ауыл сыртындағы қорымға сүріне-қабына ұша жөнелді… Соқыр сезім жетегімен қаңғалақтап келеді…

Кеше кешкілік екеуі екі жерде шоқиып отырған. Тымырсық кешті Күләннің сөзі бөлді.

– Осы жүн көрпені Нұрбегім жақсы көруші еді, – деді ухілеп.

– Балапаным тоңып жатыр-ау. Ертең апарып үстіне жабайыншы.

– Әй… Әй, не деп кеттің?! – Ақсақалдың көзі шарасынан шыға жаздап, өзі шайқалақтап кетті. – Ұлдан айрылдық қой, қара жер оның көрпесі. Жүн көрпеңнің керегі жоқ енді оған.

– Не деп отыр мына шал? – деді күйінген кейуана. Ғұмырында алғаш рет «шал» деді өзі қатты құрметтейтін отағасына.

– Нұрбегіміз келмеске кетті бізді тастап, – деді өзегін өрт шалған Зекен.

– Өлген адамға көрпенің не керегі бар?

Ақсақалдың иегі дірілдеп, жас баладай кемсеңдеп қоя берді.

– Өлді деуге қалай ғана аузың барады? – деген ана дауысы шырқырай шықты.

– Сен, шал, алжиын дедің бе?!

Екінші рет «шал» деді бүгінгі күні. Дауысы бұл жолы тарғылдана, ызбарлана шықты.

– Алжысам алжыған да шығармын, – деді тұншыға. – Алжымаған нем қалды?!

Кеше кешкілік осылай деп шалықтап отырды Күлән. Ақсақал шошына бастаған. «Емдетпесе болмас». Жалғыз ұл Нұрбектерінен айырылғалы екеуінің де естері кіресілі-шығасылы еді. Зекен ақсақалдың есіне түсіп шошытқан осы жай.

Қалың қорымға қарай екі өкпесін қолына алып, қаңбақтай қаңғалақтап ұша жөнелді. «Нұрбегім тоңып жатыр-ау», – деп сандырақтап отырды емес пе кеше түнде?!

Маужыр түн. Сүмбіле туған. Зекен қария екі көзінен жас парлап, бір сүрініп, бір тұрып, дедек қағып келеді. Түнере төніп келген қап-қара бұлт тізбегі жаншып өтердей жер бауырлай берді. Дауыл айдап келген. Аспанды аласапыран күйге түсіре тулаған қалың бұлт көп ұзамай сабасына түсті. Өлі тыныштық. Тек кеудені аяусыз соққылаған жүрек қана тіршіліктен хабар бергендей…

Нұрбектің қырқын жақында ғана берген. Тірі дегені болмаса екеуі де есалаң күйде. «Сорлы-ау… ұлыңды іздеп, жоқтап кеттің-ау». Томпайып жатқан жас қабірге жақындағанда басы айнала бастады. Азалы бір үн жан әлемін астан-кестен етті. Қабір екеу сияқты көрінді. Басын шайқап-шайқап жіберіп, түн түнегін сыпыра үңілді. Екеу… «Екінші төмпешік қайдан пайда болды?». Екінші төмпешік Нұрбегінің қабірімен тұтасып кеткендей. Екі тізесі дірілдеп, ілгері аттай алар емес. Бір кезде… Бір кезде әлгі екінші төмпешік қозғалғандай болды. «Қой, елес болар… Қабір қозғалушы ма еді? Мені шалық шалды-ау, осы?! Осы мен жындана бастаған шығармын».

Зекен ақсақал сылқ ете түсті. Үрей ұрып жықты. Көзін аша алар емес. Көзін ашса, бір жалмауыз тарпа бас салып, кеудесіне мініп тұншықтыратындай.

Жаңа құлағанда топырақ кіріп кетіпті аузына. Оны түкіріп тастауға шама жоқ. Өзі білетін әулиелерге сыйынып, күбірлеп отыр. Сібірлеп жаңбыр жауа бастады. «Қой, жаным Нұрбегімнен артық емес, жалмауыз болса көріп алдым». Ақырын сол көзін ашты. Қауіпті ештеңе жоқ сияқты. Сәл тыныстап алып, екінші көзін ашты. Екі қабір құшақтасқан адамдардай…. Кеудесіне қона кететін жалмауыз көрінбейді. Тек сығылысып тұрған зираттар ғана үрей шақырады. Зираттар да бір-бірін пана тұтқан. Беймәлім бір суық үн езілген еңсені жаныштап кететіндей.

Осы сәтте көк аспанды мата жыртқандай дар айырып, шатыр-шұтыр найзағай ойнады. Сүт сәулеге малынған қалың қорым. Сол сәтте ғайыптан пайда болған екінші қабір қорбаң етіп, қозғалғандай… Дір етті. Тұла бойы қалшылдап қоя берді. Шошынғаннан тырп ете алар емес. Қорқыныштың көзі үлкен. «Қабір қимылдай ма екен?!». Есеңгіреп, есалаң күйде отыр. «Е-е-ей, Тәңірім, не жаздық саған, осылай жазалайтындай», – деп еңіреп жіберді Зекен. Дауысы ашына, ышқына шықты. Сол кезде жаңа қорбаң еткен құбыжық қалбаң етіп көтеріліп, бұған алара қарағаны. Шүңірейген көзі қандай қорқынышты. Талықсып, мәңгіріп қалған мұны әлгі «құбыжық» дауысы селк еткізгені.

– Неғып отырсың шоқиып, балапаныңды құшақтамайсың ба, келіп? Тоңып қалыпты. Құшақтап, жүрегіммен жылыттым.

Талып түсе жаздады. Жұмбақ қабір дегені Күләні ғой.

Жаңбыр құйып тұр. Оны сезер, елең

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

қылар емес. Зекеннің тұруға шамасы жоқ. Тізерлей еңбектеп Нұрбегінің басына келді. Екі қолы дір-дір етеді. Сол дірілдеген қолмен ұлының қабірін сипай бере, құшақтай құлады…

Жас қабір – қос қарияның жан мияты. Осы жерден жаралы жандарына жұбаныш іздегендей. Суық қабірді құшақтап мауқын басқандай екеуі.

Мелшие қалған қос мұңлық. Жалғаннан жапа шегіп, жапан түзде шырқырап қалған жандар, өмірден баз кешіп отыр. Жүректі қарыған қайғы – шоқ. Меңіреу күйде мелшие қатып қалған. Мойынға құйылған, маңдайдан сорғалаған жаңбыр суы мен көз жасы араласып кермек татиды.

Тағдырдың уын ішкен қос мұңлық. Әлден уақытта Зекен көзі қабір іргесін шала жапқан көрпеге түсті. Нұрбегінің көрпесі. Кеше түндегі әңгіме ойына оралды… «Байқұс-ай, әбден есалаң болып қалдың-ау, жалғыз ұлдан айырылып».

«Қой, болмас, жынданатын шығармыз, мына түрімізбен», – деп дір-дір етіп, шайқалақтай, қос қолымен жер тіреп тұрды-ау бір кезде Зекен. Бүк түсіп, бүрісіп жатқан Күләнға қарады.

– Сорлы-ау, өліп қаламыз, жүр, – деп қолтығынан демей берді. Құдай-ау, қалақтай ғана Күләннің денесі ие берер емес. Зіл қара тас. – Жүре ғой, тұра ғой, менде сені көтерер қауқар жоқ, – деп көтере құшақтап, жалынғандай кемсеңдеп қоя берді. Сонда ғана Күлән есін жаңа жиғандай бұған тұманды көзбен бір қарады да, сүйретіле тұра бастады. Қалқиып тұрды да оң қолымен Нұрбегінің қабірін көрсетті. «Қалай ғана тастап кетеміз?» дегені.

– Құлыным!.. Балапаным!.. Қайтейін енді… Мені еңіретіп тастап кеттің, – деп дауыс салып солқылдай жылап, қабір үстіне құлап түсті Күлән. Ұстап қаламын деп шатқаяқтап барып бұл да құлады.

Екеуінің де тұрғысы жоқ. Үсті-бастан түк жоқ, саз балшық. Жаңбыр болса құйып тұр. Есеңгіреп біраз жатты да әуелі ақсақалы ес жиды.

– Жыламашы, қоя ғой, тұршы, тұра ғой, – деп сәбиді жұбатқандай елпілдеген қария бойын тіктей бастады. Қос тізе бастырар емес.

…Арыны тас ағызатын жігіттің төресі-ақ еді-ау бір кезде. Мына саңырау қайғы мұны да құмжілік етті. Кеудеде аласұрған дүлей құйын. Ыза ма, күйініш пе, өкініш пе, өксік пе, әйтеуір бір ызғырық қалшылдатып барады. «Дариға-ай, жете алмады-ау арманына».

Жаңбыр сап тыйылған. Құсалы қос мұңлық меңіреу түнде мең-зең болып, бір-біріне сүйеніп, тәлтіректей басып үйді бетке алды. Әбден титықтап, діңкелеп қалған. Үсті-бастары шылқыған жаңбыр суы. Балақтан сорғалаған су етік ішінде шылп-шылп етеді. Көк аспанда жыпырлаған сансыз жұлдыз. Аспан түсіп кетпесін деп әдемі жылтылдаған шегелермен қағып тастағандай.

* * *

Бірде шұғыл іс-сапармен Көкшетауға кеткен Зекен. Бір жеті айналып қалды. Жалдамалы жәпірейген үйде Күләні мен жеті айлық Нұрбегі. Үйге кіріп келгені сол, Күләннің қолындағы Нұрбегі сәл көз тоқтата қарап тұрды да екі қолын созғаны. Зекеннің кеудесіне басқаны сол, бүлдіршін әлсіз саусақтарымен мойнынан құшақтай алғаны. Әлсіз сәби саусақтары ажырар емес, босатпайды. Жүре алмаса да, тілі шықпаса да жүрек шіркін сездіріп тұрды сағынышын…

* * *

…Нұрбектің үштер шамасындағы кезі еді. Анасы Нұрбегін жанынан артық көрді. Өліп-өшіп отыратын. «Басқада бала жоқтай мұның не?», – дейтін абысындары. «Менің Нұрбегіме жететін жан жоқ. Көресіңдер әлі-ақ, асықпа», – деп тыйып тастайтын Күлән. Үнемі арқалап жүреді, шаршап қалады деген аяныш.

– Түсейінші, өзім жүрейінші, – деді бірде Нұрбек.

– Шаршап қалмайсың ба? Бірақ сен жігіт болдың ғой. Жігіт адам шаршамайды.

– Тәте… Тәте, өскенде мен сізді арқалаймын. Далада да, қалада да арқалап жүрем.

– Ойбу-ү-й, – деп, сылқ-сылқ күлді анасы Күлән. – Екі аяғым салақтап келе жатсам арқаңда. Жұрт жерге аунап күлер.

– Күлсе күле берсін. Мен бөтен біреуді емес, өз анамды арқалаймын ғой.

– Арқалағаның, асырағаның сол болсын, жігіт болғанда бір жақсы келін әкел.

– Ол кім? Келін деген кім?

– Ол ма? Ол сенің келіншегің.

– Келінше-е-к?!

Нұрбектің көзі бақырайып, аузы аңқия қалды.

– Керегі жоқ маған келіншектің. Оны қайтем?

Анасы үш жасар Нұрбегінің шырын тіліне, аппақ жүрегіне риза кейіппен айналып-толғанып отырғаны.

* * *

…Зекеннің кешкілік жұмысынан қайтқан беті. Мұны көрген сәтте есік алдында ойнап жүрген екі қызы құйындай ұша жөнеледі. Елігі бес жаста, Назгүлі мектеп табалдырығын биыл аттаған. Назгүлі қағылез, ерекше сезімтал. Мұны сарғая күтіп жүретіндей. Бірінші сол көреді. Ұшып келген қызын оң қолымен көтеріп алады. Оның ізін ала Елігі жетеді. Оны сол қолымен құшақтай көтереді. Бойын тіктеп, екі қызын көтеріп, мәз болып келе жатады. Сол сәтте шаңырақтың үлкені, төртінші сыныптағы Нұрбегі көріп қалып, ойынды тастай сала заулай жөнеледі. Арсаландап жетіп келіп, аңырып тұрып қалады. Әкесінің екі қолында екі қызы. «Кел, арқама мін», – деп еңкейе береді Зекен. Қуанып кетіп, арқасына бір-ақ қарғиды да мойнынан тас қылып құшақтап алады. Үш балапанын көтеріп келе жатқанын көрген Күлән есік алдында мәз болып тұратын. Қандай аяулы, бақытты күндер еді сол шақ.

Өткен күндердің аяулы шақтары-ай!.. Неткен ыстық еді… Бәрі бүгінгідей көз алдында…

* * *

Нұрбектің жігіт болған кезі. Нұрбек десе шығарда жаны басқа анасы елпілдеп ұшып жүретін. Бар дәмдісін соның аузына тосады. Анасы екеуі сырлас достардай. Жарасымды әзілмен үйдің ішін шуаққа бөлейді.

– Балам, қашан келін түсіресің? Көрші-қолаң да көріп қалса: «Ұлың қашан үйленеді?» – деп маза бермейді.

– Тәте, өзбек қызын әкелсем қалай қарайсыз?

Өзі ақсия күліп анасына қулана қарайды.

– Қой, қарағым, ала көйлек киген ол қызбен қалай сөйлесемін?! Қазақтың қызына кім жетеді, шіркін!.. Жүр ғой сеңдей соғылысып. «Жігіт қайдасың», – деп.

– Тәте, қырғыз ше, қырғыз қызы?..

– Немене, жүрегіңді қырғыз қызы мазалап жүр ме?

– Жо-о-қ, сізбен ақылдасайын дегенім ғой.

Мойнын қисайта тағы да анасына қулана көз тігеді.

– Сен қылжақтағанды қой, келін тек қазақ қызы болсын, – деп тұжырым жасайды анасы. – Қазақ қыздары – керемет көрікті әрі ақылды. Әрине, аратұра арам шөп сияқтылар да кездесіп қалады. Көп ішінде не болмайды?

– Болды, анашым, келесі күзде керемет қазақ қызы келін болып түседі осы үйге. Шашуыңызды дайындай беріңіз.

Анасы емірене келіп самайынан иіскейді Нұрбегінің. Осындай жарасымды, жеңіл әзілмен шаңырақты думандатып отыратын.

Дариға-ай!.. Арманына жете алмай, үзіліп кетті… Оқыс келген ажал жұтып тынды. Сағынышқа айналған аяулы күндер-ай!.. Сағымдай бұлдырап алыста-а-ап барады… Қос мұңлық жер тоқпақтап қала берді…

* * *

Ай жаңасы. Маужыраған дала. Жауыннан кейін еркін тыныстап, бусанып жатыр. Алыста түнерген Арқарлы тауы түксие қарайды бұларға. Қос мұңлық сүзек болған жандардай сүлдері құрып ілби басады. Сол жақтарынан ат тұсамысының сылдыры жетті. Көп өтпей күрең аттың да сұлбасы көзге шалынды. Қос құлағын қайшылап оқшия қарап қалған. «Түн ортасында дала кезген бұл не жүріс?!» дегендей одырая қарайды. Бір қыбырлап, бір тоқтап сүлделерін сүйретіп үйге де жетті-ау титықтап.

Шала қараңғы үйде күңіренген қос мұңлық. Сүйек кемірген улы қайғы есеңгіретіп тастаған. Сана да ауыр қайғыдан уланған. Екеуі де кейде не сөйлеп отырғандарын аңдамайтын күйде. Сандырақтап, шалықтап сөйлеп отырғандары. Кей-кейде үрейлі құбыжық көргендей, шүңірейген көздерімен бір-біріне осқырына, ақшиып келіп қарайды.

Жас баладай кемсеңдеген Зекен иегінен сорғалаған тарам-тарам жас. «Дүниеде ұрпақсыз өтуден ауыр қайғы бар ма екен?! Ұрпақ та қалмады-ау артында. Өз балаңа топырақ салудан ауыр қасірет бар ма опасыз мына жалғанда?! Жалғыз ұлды жоғалту неткен қасірет!..»

Бір кездері жамалына көз сүрінетін Күләннің жүзінде қазір сұлулықтың ізі де қалмаған. Айпара жүзден нұр тайған. Жағы суалған, көзі шүңірейген, белі бүкшиіп, қолы дірілдеуге көшті… Сүмбіл шашы уыс-уыс болып түсе бастады. Бір кездегі мойыл көз бозарып кеткен. Сол мойыл көзге қарап отырып қой жалындаған жастық дәуренде Зекеннің өлең оқитыны:

*«Қара көз қарай берді дүркін-дүркін,*
*Көзімді қарықтырды сенің көркің.*
*Шашыңнан бір-бір талдап*
*сүйер едім,*
*Қайтейін жетпейді ғой ғұмыр*
*шіркін…»*

Дариға-ай, бәрі де түс сияқты. Өзекті өртеген өкініш…

Күлән түні бойы сандырақтап шықты. Қайта-қайта ұлын шақырып, есінен тана берді. Келесі күні жанұшыра дәрігер жетті.

– Шұғыл түрде ауруханаға жеткізу керек, – деді дәрігер көзі алақандай болып. – Қан қысымы тамыр тепкілеп тұр. Бір басында мың ауру бар сияқты… Әбден асқынып кеткен.

Дәрі жұтқызды, ине салды. Ауруханаға апармаса өте қиын болатынын ескертті.

– Бармаймын ауруханаңа, – деп Күлән кесіп айтты. – Өлсем, жаным Нұрбегімнен артық емес.

Теріс қарап кемсеңдей жөнелді. Бір кездегі сымбатты жан аз күнде шүйкедей кемпірге айналды. Улы қайғы бар сымбатын жұтып қойған.

– Ауруханаға жатсаңыз жан-жақты емдейміз, – деді дәрігер сенімді үнмен. – Әлі-ақ жазылып кетесіз.

Өлі тыныштық. Сырқат жан ойланып жатыр, қазір баруға келісім берер деп үміттене қарады дәрігер. Әлден уақытта ыңырси қиналған дыбыс шықты. Дәрігер елп етіп құлақ тосты.

– А-а-а… Не дейсің? – деді әлсіз, дәрменсіз үнмен Күлән. – Бірдеңе дедің бе?

– Жазылып кетесіз деймін.

– Несіне жазылам? Жазылып керегі не-е-е енді маған?..

Күлән көзін жұма берді. Көзін жұмып жатып ол зеңгір көктен жарқ етіп жанған бір жұлдызды көрді. Нұрбектің жұлдызы екен ол. Әлде жұлдызға айналып кеткен Нұрбегінің нұрлы келбеті ме екен?..

Құса құшқан қос мұңлықтың бірі әлгі жұлдыздың сәулесіне қолын соза берді.

Адам – жердің қонағы…

**Зейнел ЖЕКЕЙҰЛЫ**
**qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

# НАГРАДЫ МЕДИЦИНСКИМ РАБОТНИКАМ

***КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ВЕДОМСТВА, В ЧЕСТЬ ДНЯ МЕДИЦИНСКОГО РАБОТНИКАСОТРУДНИКИ НАУЧНОГО ЦЕНТРА ПЕДИАТРИИ И ДЕТСКОЙ ХИРУРГИИ БЫЛИ НАГРАЖДЕНЫ МЕДАЛЯМИ И ГРАМОТАМИ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА ПЛОДОТВОРНЫЙ ТРУД В ОБЛАСТИ ОХРАНЫ ЗДОРОВЬЯ ДЕТСКОГО НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ.***

Заместитель Председателя Правления по клинической работеАсылжанЕрекешови Заместитель председателя Правления по научной и инновационной деятельности Лязат Манжуова выступили с поздравительной речью и вручили награды, выразив всем огромную благодарность за бесценный труд и профессионализм.

Нагрудным значком «Денсаулықсақтауісінің үздігі» награждены: Заведующий отделением реанимации кардиохирургии Атхам Налибаев, врач онкогематолог Асель Муратова, врач функциональной диагностики Елена Левченко, медицинская сестра КДО Шынаркүл Ыбырайымова.

Нагрудным значком «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» награждены: врач лучевой диагностики Елена Хен, врач-онкогематолог Мухаббат Ремкулова, медицинская сестра Куляш Рымова, фельдшер лаборант Айгуль Жанабаева.

Почетными грамотами МЗ РК награждены -Заведующий отделением реанимации, интенсивной терапии и анестезиологии новорожденных детей НұрсұлтанҚұрбанбеков, медицинская сестра АрдакМукиева, медицинская сестраГульнурИлгидаева, уборщица Меруерт Юсупова.

Благодарственным письмом МЗ РК награждены: врач хирургШалқарҚасенов, медицинская сестра КуралайЕлеусинова, медицинский братБерикБузыкбасов, электромонтер Виталий Емельянов.

Медаль «Еңбекардагері» была вручена бухгалтеру Рушангуль Ашимовой и плотнику Жумакан Уркимбаеву.

В ходе мероприятия врачи-педиатры и сотрудники центра также были награждены медалями Казахского национального медицинского университета имени Ж.Асфендиярова и благодарственными письмами профсоюза работников здравоохранения «AQNIET».

Руководитель отдела Науки Айгуль Базарбаева награждена - Золотой медалью КазНМУ им. Ж.Асфендиярова, медсестра отделения эндоскопии Рошангуль Бахниязова - серебряной медалью, медсестра отделения пульмонологии Каракат Досымова награждена – бронзовой медалью за вклад в развитие науки и образования в медицинской сфере нашей страны.

Кроме того, медбрат хирургического отделения №2 Далелхан Рахметов и медсестра клинико-диагностической лаборатории Ляззат Молдабековабыли награждены почетной грамотой КазНМУ им. Ж.Асфендиярова.

Онкологи хирургического отделения Шухрат Розиев и Азамат Кубиев, а также санитар эндоскопического отделения Кулбарам Курбанова награждены благодарственными письмами от профсоюза медицинских работников «AQNIET».

От всей души поздравляем всех с заслуженной наградой!

**Ш.ХАМИТОВ.**

АКТУАЛЬНО

# ПЕРЕГОВОРЫ ПО УПРОЩЕНИЮ ВИЗОВЫХ ПРОЦЕДУР

***Казахстан и Евросоюз запустили переговоры по упрощению визовых процедур. Об этом сообщил международный специальный посланник ЕС по санкциям Дэвид О'Салливан на пресс-конференции по итогам своего визита в Казахстан, передает корреспондент агентства Kazinform.***

Дэвид О'Салливан, прежде всего, отметил активное развитие отношений ЕС с Казахстаном.

— Мы являемся важными партнерами. ЕС является крупнейшим торговым партнером Казахстана и крупнейшим источником прямых иностранных инвестиций. Также мы наладили весьма важное стратегическое партнерство. В рамках данного партнерства, мы также развиваем и берем на себя обязательства, что очень хорошо сейчас продвигается, по экономическому сотрудничеству между ЕС и Казахстаном, - сказал спецпосланник ЕС.

Он также высказался о проводимой работе в сфере либерализации визового режима.

— Также отрадно отметить, что мы смогли запустить переговоры по упрощению визовых процедур, что в свою очередь, привнесет свой вклад в дальнейшее укрепление нашего сотрудничества, - добавил О'Салливан.

ПРОИСШЕСТВИЕ

# СЕМЬ ЧЕЛОВЕК ПОГИБЛИ И 15 ПОСТРАДАЛИ В МАССОВОМ ДТП

***Семь человек погибли, еще 15, в том числе трое детей, пострадали в результате ДТП в Шиловском районе Рязанской области, сообщил РИА Новости представитель экстренных служб.***

«На 273-м километре федеральной трассы М-5 "Урал" произошло ДТП с участием двух фур, легкового автомобиля и микроавтобуса "Газель", — сказал собеседник агентства.

По его словам, в результате ДТП, по предварительным данным, погибли семь человек и 15 пострадали, из них трое детей.

Собеседник агентства добавил, что столкновение машин произошло возле села Заполье. Всего в четырех транспортных средствах находились 22 человека, из них 15 — в «Газели». Движение транспорта на месте ДТП осуществляется по одной полосе.

## Бейсенбі - Четверг, 27 маусым

### ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.10 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12:10 «Тату-тәтті», реалити шоу
13.50 «47 баланың анасы»
14.45 Дала дәмі
15:15 «Апта»
16.15 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
23.50 Футбол

### ХАБАР

05:00 Мегахит
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:25 Деректі фильм
10.45 Кино
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00, 21:45 Т/х «Келінжан»
16.00, 23:30 Т/с «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

### АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 Т/х «Қорғаушы ханым»
11.50 Үздік әзілдер
12.00Т/х Құрақ
13.10 «Көкжалдар әміршісі»
14.00 Мираж Т/с
14.50, 00.10 Т/с «Склифосовский-8»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Сиделка»т/с
20.00 «Астана таймс»
00.10 Т/с «Склифосовский-9»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 Фильм
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с
00.10 Ночной кинотеатр
01.15 «Раневская»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

### КТК

07:05, 05.05 «Әнім сен едің»
07.55 04.40 Т/х «Жат туыстар»
10.50 «Парад юмора» ш/п
12:40 Криминальная драма
15.00 Т/х «Намыс»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 Вскрытие покажет
02.00 Криминальная драма
03:35 Астарлы ақиқат
04.15 Кешкі жаңалықтар қайталау

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ділмар»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Сенің қарындасың бар шығар»
17.00 «Дала үні»
17.40 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 Ханзада Жумонг
12.40 Тик-тоу шоу
15.40 Кино.
17.50 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.10 Ханзада Жумонг
01.50 «31 әзіл»
02.30 Тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.201001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 Ватсап
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Qелі»
06.30 Жұлдыздар шеруі
07.30 Мультфильм
08.30 м/с
10:00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 Т/с
13.00 Т/с
15.00 «Күйеу бала»
17.00 Т/х
19.00 Т/с «Сын»
00.00 КТА
01.50 Зың-зың Күлпәш
03.50 Келесі кім?
05:12 Үзіліс

## Жұма - Пятница, 28 маусым

### ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.30,10.00, 15.00,20.00,00.35 Ақпарат
07.00 «Таншолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Құрсаудағы қыз»
12.10 «Тату-тәтті»
13.50, 21.25 «47 баланың анасы»
14.45 «Арнайы жоба»
15.15,02.00 «Бірегей»
16.05 «Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң»
22.15 «Бауырлар»
23.20 «Көңіл толқыны»
00.00 «PARASAT MAIDANY»
01.10 «Ашық алаң»
02.50Футбол

### ХАБАР

05.00 «Пәленшеевтер-4»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Мәдени бағдар»
10.20 «Верить нельзя проверить»
10.50 «Том Сойер»
12.00, 20.00 Т/х «Тағдырға сен-2»
13.00, 21.00 «Фатмагүл»
14.00,21.45 «Келінжан»
15.00 «Шашу»
16.00 «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток-шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25Ток-шоу «Талқы»
22.30 «Национальный интерес»
23.30 «Что скрывает ложь»

### АСТАНА

06.00 «ЕНЕ»
06.45 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»
10.00, 21.55 «Қорғаушы ханым»
11.40 «Прямая связь»
12.00 «Эксперимент»
12.15 «Қоғам назарында»
12.30, 02.10 «Жайдарман»
13.10,23.20 «Көкжалдар әміршісі»
14.10 «Bas Times»
15.00 «Нюхач-4»
17.15 «Айтарым бар»
18.15 «Отдай мою мечту»
20.00 «Astanatimes»
00.10 «Коктейль для звезды»

### ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
06.55 «П@утина»
07.45 «KOREMIZ»
08.45 «Про федота стрельца, удалого молодца»
10.15 «Жить здорово!»
11.05«Давай поженимся!»
12.00 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.30«Парламент ONLINE»
20.55«Поле чудес»
22.00 «Условный мент-4»
01.50Басты жаңалықтар
02.20 «Ең алғашқы»
03.20 «П@утина»

### КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07.30 «Жат туыстар»
08.45Вечерние новости
09.20«Было дело»
11.20 «Тайна лилит»
12.25 «Маруся»
14.20 «РАЗНИЦА В ВОЗРАСТЕ»
16.40 «Намыс»
18.30«Стажёр»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз.Күнде»
21.00 Вечерние новости
21.35 «Маруся»
01.40 «Тайна лилит»
02.40 «Было дело»
03.30 «Дау-дамайсыз»
04.15КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
04.45 «Жат туыстар»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекжарды»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Дала үні»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Бір уыс бидай»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00TikTok show
08.30 «Маша и медведь»
09.00 «Құйынды мекен»
12.00 «Мои счастливые звезды-2»
14.40 «Торнадо»
17.10 «Двойная рокировка-2»
20.00 Информбюро
21.00 «Шефпод прикрытием»
23.00 «Құйынды мекен»
01.50 «31 әзіл»
03.00 Time Vine
03.20 TikTok show
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALLA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 «Q –елі»
07.00 Т/х «Тағдыр ойыны»
08.00 Әзіл Time
09.00 «Синий трактор»
10.00,20.00 «Великолелный век, хюррем»
12.00«На твоей стороне»
16.00, 22.00 «Алданған арман-2»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 «В плену у прошлого»
23.00 «Настя, соберись!»
00.10 «Көңілді тапқырлар алаңы»
01.40 «Алло, бұл кім?»
02.40 «Ата-ана. Бала-шаға»
04.20 «Келесі кім»
05.52 Үзіліс

## Сенбі - Суббота, 29 маусым

### ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.30,17.00, 02.00 Ақпарат
07.00, 03.30 «Зинһар»
07.45 «Алтын қақпа»
08.30 «Шаңырақ»
09.00, 17.40 «Көңіл толқыны»
10.10,18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.00 «Теледәрігер»
13.00 «Ән дәурен»
15.00 «Әзіл әлемі»
17.20 «Әлем және біз»
20.00 «Жарқын жүздесу»
21.45 «Сиқыршының ізбасары»
23.35, 23.50 Футбол
02.20 «Әлем және біз»
02.40 «Теледәрігер»

### ХАБАР

05.00 «Асыл қазына»
07.00 Концерт «Сенемін мен»
09.00 «Президенский резерв»
09.30 «Ұлы дала ойындары»
10.00 «Риф. Новые приключения»
11.10 «Том Сойер»
12.00 «Что скрывает ложь»
14.00 «XII ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Алғашқы»
16.00 «Келінжан»
19.00 «Бес жұлдыз»
21.00 «7 күн»
21.40 «Третий акт»
23.40 «Әке бақыты»
00.30 «Әсем әндер»

### АСТАНА

06.00 «ЕНЕ»
06.45 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»
10.00, 21.55 «Қорғаушы ханым»
11.40 «Ең мықты»
12.10 «Шымкент-шоу»
15.00 «Зита и Гита»
18.00 «Моя большая Казахская семья»
20.00 «SarapTimes»
21.00 «Осман-5»
23.20 «Робот әйел»
01.00 «Жайдарман»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
08.05 «П@утина»
09.00 «Ганзель, Гретель и агентство магии»
10.45 «Доброе сердце»
14.35 Тонкие материи»
18.30 «АЙНА»
19.00 «Дед»
20.45 «Условный мент»
00.05 «Рейдер»
01.45 «Айна»
02.15«П@утина»
03.00«ТАМАША CITY»

### КТК

07.05«Мерекелік концерт»
07.25 «Оралу»
09.55 Вечерние новости
10.30 «Было дело»
12.10 «Маруся»
16.00 «Дурь»
19.00 «Әндер мен жылдар»
21.00 «Лети, пёрышко»
01.20 «Дурь»
03.25 «Оралу»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 «Алтын балық»
20.15«Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 Алдараспан
12.00 «Клинок дракона»
14.00 «Суперагенты»
16.00 «Фердинанд»
18.20 «Перси Джексон и море чудовищ»
20.40 «Хоббит. Нежданное путешествие»
00.20 «Удачи, чак!»
02.00 «Біздің шоу»
03.10 Time Vine
03.30 TikTok show
04.00 Әзіл студио
04.30 1001 Әзіл
04.40BALA BATTLE
05.00 What's up?

### 7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00 «Тағдыр ойыны»
08.00 ӘзілTime
08.30 «SUPER BOL»
09.00 «Юмор!Юмор!Юмор!!!»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.00 «И снова будет день»
16.00 Алданған арман-2»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 «Шаншар»
22.00 «Волк с уолл-стрит»
01.00 «Әзіл әлемі»
02.20 «Келесі кім»
03.20 «Ата-ана. Бала-шаға»
05.20 «Алло, бұл кім?»
05.47 Үзіліс

## Жексенбі - Воскресенье, 30 маусым

### ҚАЗАҚСТАН

04.50Футбол
07.00 «Шаңырақ»
07.30 «Дәуір даналары»
08.15 «Алтын қақпа»
09.00,21.00 « Көңіл толқыны»
09.25Футбол
09.35 «Ақсауыт»
10.00,18.00 Т/х «Құрсаудағы қыз»
12.00 «Жарқын жүздесу»
13.50 «Әзіл әлемі»
15.10«Сиқыршының ізбасары»
17.05 «Технократтар талқысы»
20.50 «Апта»
22.00 «Ақорда»
22.00 Көркем фильм
23.40,23.50 Футбол
02.00 «Апта»
02.50 «Ақорда»
03.00 «Күміс көмей»
03.45 «Жәдігер»

### ХАБАР

05.00«Асыл қазына»
07.30 Концерт «Жүрегім ақ»
09.30 Деректі фильм. «Қазақ елі»
10.00 М/ф «Пчелка Майя и Кубок меда»
11.15 М/ф «Тайны медовой долины»
12.00 «Третий акт»
14.00 «Алғашқы»
14.45 «Бес жұлдыз»
16.30 «Келінжан»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследовании»
22.10 «Хоть раз в жизни»
00.10 «Әке бақыты»

### АСТАНА

06.00 «ЕНЕ»
06.45 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»
10.00, 21.55 «Қорғаушы ханым»
11.40 «Шыңырау. Тәуелділіктен арылу»
12.10 «Мың бала»
12.50 «Шаншар»
16.15 «Робот әйел»
18.00 Заттыбек Көпболсынұлы концерті
23.50 «Нюхач-4»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
08.20«П@утина»
09.15«Воскресные беседы»
09.25«ПРОУЮТ»
10.20 «Источник»
14.20 «Тонкие материи»
18.05 «Медвежья шкура»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «Медное колечко»
00.20 «Три аккорда»
02.00 «П@утина»
02.45 «ТАМАША CITY»

### КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
08.00 Ән мен әнші
10.00 «Юморина»
12.00 «Лети, пёрышко»
16.00 «Дурь»
20.00 «Кел, шырқайық!»
22.00 «Рысь»
00.00 «Дурь»
02.30 «Было дело»
04.00 «Кел, шырқайық!»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Менің арманым»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
14.45 «Жетісу-спорт»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Әсем әуен»
17.40 «Өзбек құда»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Париж-2024»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ділмар»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Супергенты»
12.20 «Фердинанд»
14.40 Перси Джексон и море чудовищ»
17.00 «Хоббит. Нежданное путешествие»
20.40 «Инферно»
23.30 «Корабль в Пусан»
01.50 «31 Әзіл»
02.10 Ризамын
02.40 Time Vine
03.00 TikTok шоу
03.30 1001 Әзіл
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00«Тағдыр ойыны»
08.00 Әзіл Time
09.00 «Юмор!Юмор!Юмор!!!»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.00 «Никогда не бывает поздно»
15.30 Күшіміз бірлікте
16.00 «Алданған арман-2»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
19.00 «Әзіл әлемі»
22.00 «Отступники»
00.40 «Алло, бұл кім?»
01.40 «Ата-ана. Бала-шаға»
04.40 «Келесі кім»
05.47 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



# ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

**АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ТАҢДАУЫНА ОНЫҢ ҚАБІЛЕТІ, ДАҒДЫСЫ, ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БАСЫМДЫҒЫМЕН ҚОСА АДАМИ ҚАСИЕТІ МЕН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ДА ӘСЕР ЕТЕДІ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ЕҢБЕК ҮРДІСІНІҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ МЕН ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТӘН. СОНДАЙ-АҚ, ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН ОНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ.**

Халыққа қызмет етуде кәсіби шеберлікпен қоса адамгершілік ұстанымның болуы өте маңызды. Адамгершілік – адам бойындағы әдептілік, ол ізгілік, адалдық ұғымдарымен егіз. Мемлекеттік қызметтің басты қағидаттарының бірі әдептілік. Мемлекеттік қызметті таңдаған адам қызмет бабында қойылатын талаптармен терең танысуы қажет. Ол Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексімен қарастырылған мінез-құлықтың жалпы стандарттарына сәйкес адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдік-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы тиіс.

Бұл жерде мемлекеттік қызмет атқару мен адамгершілік қағидаттарын берік ұстана білу – біртұтас дүние екендігін түсіну қажет. Яғни мемлекеттік қызметті таңдау – заңмен қарастырылған шектеулерді қабылдауға, азаматтардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыру үшін аянбай еңбек етуге бел буу деген сөз.

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс. Себебі олардың басты міндеті азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету болып табылады. Мемлекеттік аппарат ішіндегі және мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен, қоғаммен өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас мәдениеті тұрғысынан мемлекеттік қызметтің негіз қалаушы принциптерін анықтау барысында көбінесе адами қасиеттерге, яғни мемлекеттік қызметшінің моральдік ұстанымдары мен құндылықтарына жоғары мән беріледі. Өйткені мемлекеттік қызметшілердің бойында дәл осы моральдік ұстанымдардың болмауы түбінде жағымсыз құбылыстарға, құқық бұзушылықтарға, жемқорлыққа алып келеді. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін азайтып, мемлекеттік қызметшінің беделіне нұқсан келтіреді.

Әрбір мемлекеттік қызметкер ертелікеш мемлекеттің игілігі үшін ең жауапты шешімдер қабылдайтын кезеңдерге тап келеді. Үкіметте, сот саласында болсын немесе квазимемлекеттік секторда болсын, ел басқару ісіне араласады. Ең алдымен, осы зор жауапкершілікті дұрыс түсінген абзал. Қай салада болмасын, негізгі мақсат мемлекет мүддесі болуға тиіс.

Жалпы қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыру және халықпен кері байланысты жақсарту үшін адал әрі тиімді қызмет атқару керек. Осы тұрғыдан алғанда Әдеп кодексінің қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну мен қолдануда маңызы зор. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге адамгершілік бағыт-бағдар беруге арналған. Оның мақсаты мемлекеттік қызметшінің өз жұмысының маңыздылығына сенімділігін арттыру және кодексте көрсетілген барлық қағидаларды сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің жарқын үлгісі болғанына мақтаныш сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттік аппараттағы кәсіби қызметпен айналысуға құқық беретін анттың бір түрі. Осылай ант беру арқылы мемлекеттік қызметшілер кодекс талаптарын бұзу қоғам мен мемлекет тарапынан сын тудыратынын түсінеді. Сәйкесінше, Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтау мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың азаюына ықпал етеді.

**Ә. ТҮЛКИЕВ,**
**Қазақстан Республикасы**
**Сот әкімшілігінің Жетісу облысы**
**бойынша департаменті басшысының**
**орынбасары,**
**Әдеп жөніндегі уәкіл.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

***ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ, ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ТЕЖЕУ БОЛАТЫН, БОЛАШАҒЫНА КЕСІРІН ТИГІЗЕТІН ІНДЕТ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ БҮГІНГІ КҮННІҢ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕСІ БОЛЫП ОТЫР. ОҒАН ОСЫ БАСТАН ТОҚТАУ ҚОЙМАСА МЕМЛЕКЕТТЕ ТҰРАҚТЫ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУ БОЛМАЙДЫ.***

Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке, жат-қылықтардан бойын аулақ ұстайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы.

**Л. ЖАПАШЕВА,**
**Талдықорған қаласының**
**мамандандырылған тергеу**
**сотының бас маманы.**

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

# ХАЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ КҮШЕЙТЕ ОТЫРЫП...

**24 маусым – судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып бекітілген соң Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі тағы атаулы датамен толыққаны баршаға аян. Сондықтан Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мейрамы екінші жыл аталып өтіледі.**

Кәсіби мереке ретінде дәл осы күнді таңдау кездейсоқ емес. Өйткені ол дата тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесінің қалыптасуындағы елеулі оқиғаға байланысты. 1992 жылғы 24 маусымда егемендік алғаннан кейін «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» Заңға алғашқы түзетулер енгізілген Заң қабылданды. Ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, облыстық, қалалық аудандық соттардың, сондай-ақ жаңадан құрылған соттардың сот төрелігін жүзеге асыруға қамтамасыз етті.

Жалпы сот саласында еңбек ететін қызметкерлердің міндеттері жауапты да ауыр. Халықтың сотқа деген сенімін барынша арттыру жолында өз міндеттерін қалтқысыз атқару арқылы сот ғимаратына кірген азаматтарды қабылдап, сұрақтары бойынша бағыт-бағдар беретін сот кеңсесінің мамандары және сот отырысын толық ұйымдастырып, азаматтардың сотқа келуін қамтамасыз етіп, сот отырыстарының хаттамаларын әзірлейтін бас маман сот отырысының хатшылары, сот отырысы кезінде залда тәртіп сақтау, сот ғимараттарын күзетуді, судьяларды және процеске қатысушыларды күзету қызметтерін жүзеге асыратын сот приставтары, сот жұмысының жариялылығын қамтамасыз етіп, кіріс-шығыс журналдарын толтырып, мұрағат қызметін ұйымдастырумен айналысатын жетекші мамандар сот төрелігін қалтқысыз атқару жолындағы ортақ іске өлшеусіз үлестерін қосуда.

Алдағы уақытта сот жүйесін одан әрі жетілдірудегі басым бағыттардың бірі және бірегейі соттың ашықтығы, жариялылығы, халық пен сот арасында екіжақты байланысты бекемдеу болып қала бермек. Демек, халықпен байланысты күшейте отырып, мемлекетіміз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін ашық және бүкпесіз сот жүйесін қалыптастыруға бағытталған көптеген шараларды бұдан былай да жүзеге асыруды жалғастыра бермек.

Сөз соңында келе жатқан кәсіби мерекемен, қоян-қолтық еңбектес болып жүрген әріптестерімді құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларына амандық, жауапты да мәртебелі міндеттерін мінсіз атқару жолында қажымас қайрат, жасымас жігер тілеймін!

**Мерей ТОҚТАҒҰЛОВА,**
**Алматы облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.**

ҚАЗЫНА

# ЖҰМЫЛА ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУІМІЗ КЕРЕК

***Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы бекітілген. Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.***

Заңның 2 бабына сәйкес, мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы Заң реттейтін мәселе болып табылады. Айта кетерлігі, Тіл туралы заңмен сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі нақтыланғанымен ол деңгейге жете алмай жатырмыз. Сот ісінің толықтай мемлекеттік тілде жүргізілмеуінің өзіндік себептері бар. Мысалы, Азаматтық процессуалдық кодекстің 14-бабында азаматтық істер бойынша сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда орыс немесе басқа тілдер қолданылатыны көрсетілген. Яғни ел заңнамаларына сәйкес сотқа арыз-шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Дей тұрғанымен, мемлекеттік тіл қолданысының кеңеюіне азаматтар мүдделілік танытса нұр үстіне нұр болар еді. Сотқа талап-арыздар мемлекеттік тілде түссе, ол міндетті түрде осы тілде қаралады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауларының бірінде мемлекеттік тілге қатысты былай деген болатын: «Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деп атап көрсетті. Ендігі жерде мемлекеттік тіл мәртебесінің көтеріліп, өз тұғырына қонуы ел азаматтарының белсенділігіне тікелей байланысты болып тұр. Алдағы уақытта барлық салада мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, одан әрі жандандырудың тың тетіктері іске қосыларына сенім мол.

Кез келген тілдің болашағы жастардың қолында екені рас. Жастардың тілді білмеуі, ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биіктігіне көтерген жөн. «Өз-өзіңді сыйласаң, жат жанынан түңілер» демекші, бұл міндет сіз бен біздің перзенттік парызымыз.

**Эльмира МҰСАБАЕВА,**
**Қаратал аудандық соты**
**әкімшісінің басшысы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКЖИЕК

# ЕЛУ ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ КЕЗДЕСУ

*«Елу жылда ел жаңа» деп қазақ бекер айтпаған. 1964 жылы Қорам орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1974 жылы қазақ сыныбын бітірген оқушылар 2014 жылы 40 жылдық кездесуін өткізді. Сыныптастардың биылғы кездесуі де ерекше өтті. Жүздесуге Қырғызстаннан, Астанадан, Жамбыл, Алматы облыстарынан келген сыныптастар қайта қауышты.*

Алтын ұя мектептеріне барып, арнайы алған сыйлықтарын білім ошағына тапсырды. Оқытқан ұстаздарының көбі өмірден өткен. Ал ұстаздардың ұстазы деп мақтанышпен айтуға болатын Серік Алжамағатов ағай, Жайнақан Бекмұхамбетова, Мария Тамашаева апайлар кездесуге арнайы келіп, өздерінің жүрекжарды сөздерін арнады. Жайнақан апай өзі оқытқан оқушыларына: *«Біздің жасымызды, жолымызды сендерге беріп, мен сияқты немере-шөбере сүйіп, ата-әже болыңдар»,* – деп аналық, әжелік тілегін білдірді.

Сыныптастар ұстаздарын ортаға алып естелік суретке түсіп, көз алдарында жылжып өткен бала кездеріне бір саяхат жасап, әңгімелері жарасып, бір марқайып қайтты. Қорам орта мектебінің директоры бастап ұстаздар қауымы ардагер ұстаздарға, кездесуге келген ағатәтелеріне жылы лебіздерін арнады.

Мұнан кейін кездесуге келген түлектер өмірден өткен ұстаздарына, бірге оқып өмірден өткен 17 сыныптасына Қорам ауылындағы мешіттің қатымханасында кішігірім арнайы ас берілді. Асқа өмірден өткен қыз-жігіттердің отбасынан арнайы шақырылғандар келіп қатысты. Қорам ауылындағы қазіргі мешіт бұрынғы өздері оқыған мектеп болған, сыныптарына барып естелік суретке түсіп, балауса бала күндерін естеріне алып бір марқайып қалды.

Шелек аулындағы (Айша) «Relex» дәмханасында өздерін оқытқан Серік ағай, Жайнақан апайды шақырып, 50 жылда бастары арнайы қосылған ұлдар жолдастарымен, қыздар күйеулерімен бірге барып есте қалатын ерекше кездесу отырыс жасады. Кездесуді ұйымдастырған белсенді жігіттер мен қыздарға рахмет айтып, зейнеткер ақ жаулықты ана, ақсақал ата болған сыныптастар видеодан өздерінің балалық шақтарын, оқушы кездерін көріп, өткенкеткенді айтып, шүйіркелесті.

Үш күнге жоспарланған кездесуде сыныптастар өмір тарихында ерекше қалатын жақсы демалыс кездесу болды деп риза көңілдерімен бір-бірімен қимай қоштасты...

**Нұрғайша МАНАПОВА,**
**ардагер ұстаз.**
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

МӘДЕНИЕТ

**ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ 54380 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ САРБАЗДАРЫ МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫН ТАМАШАЛАДЫ.**




# ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫН ТАМАШАЛАДЫ

Мұражайды аралау сәтінде сарбаздар көптеген тың мәліметтен құлағдар болды. Танысу барысында мұражай қызметкері оларға мұражайдағы көне тарихтың куәсі болған құнды жәдігерлер туралы айтып, қызықты мәліметтер туралы сыр шертті. Мұражай аралау сәтінде сарбаздар үлкен ұлы сезім, патриоттық рухқа бөленді.

54380 әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Асхат Оспановтың айтуынша, іс-шараны өткізудегі мақсат сарбаздардың елін, жерін сүюге, бірлік пен ынтымақтастықты жақтауға, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға, ұлттық құндылықтарымызды мақтан етуге тәрбиелей отырып «Біртұтас Ел – Біртұтас Жер» қағидасының идеологиялық мазмұнын сарбаздардың сезінуіне қалыптастыру болып табылады.

Мұхамеджан Тынышпаев атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1974 жылы 1 наурызда Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен құрылған. Ал 1993 жылы мұражайға белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтың тұңғыш инженері Мұхаметжан Тынышпаевтың аты берілді.

Жаһандану жағдайында мұражайлардың тарихи мұраны сақтау, патриотизм мен азаматтылыққа тәрбиелеуде өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда алатын рөлі ерекше. Мұражайға саяхат жасау ол ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Айта кетсек, бүгінгі күні мұражай қорын 24 524 экспонат құрайды, оның ішінде 10934 экспонат негізгі қорға жатады. Мұражай залдары қала тұрғындары мен қонақтарына өлкенің бай, әрі сұлу табиғаты мен өткен және қазіргі тарихы туралы сыр шертеді.

**Жетісу гарнизонының**
**баспасөз қызметі.**

ҚОРШАҒАН ОРТА

# ОРМАН ӨРТІНЕН САҚ БОЛАЙЫҚ

***Орманды жерлерге барғанда мүлдем темекі шекпеген жөн. Орман қоры жерлерінде тек арнайы белгіленген орындарда ғана темекі шегуге және от жағуға рұқсат етілген.***

Ал егер мұндай орын жоқ болса құмды немесе жасыл шөп өсіп тұрған жерлерде, өзен-көлдердің жағасында от жағуға болады. Бірақ ол кезде оттың айналасын кем дегенде 0,5 метр жердегі аумақта жануы мүмкін барлық заттарды алып тастап, айналдыра қазып шығу керек. Сондай-ақ, от жаққан жерде оттың таралуын тоқтату үшін су және басқа да өрт сөндіру құралдары болған жөн.

Егер сіз орманда немесе орманға жақын жерде өрттің басталуын байқасаңыз мүмкіндігінше өртті өшіріп, тоқтатқаныңыз жөн. Бастысы, өрттің таралып кетуіне жол бермеу керек. Ол үшін өртті өшіріп, өртенген жерде жану ошақтары қалмағандығына көз жеткізгенше мұқият қарап шыққан жөн. Егер өртті өз күшіңізбен сөндіру мүмкін емес болса, онда өрт туралы хабарды орман күзеті мекемелеріне, жергілікті атқарушы органдарға және полицияға хабарлаған жөн.

Орман өрттерін сөндірудегі ең таралған әдіс – өртті жиегінде сөндіру болып табылады. Бұл кезде өрттің жиегін топырақпен көміп, сол арқылы жанған материалдарға баратын оттегі мөлшерін шектеп, жану температурасын төмендеткен дұрыс.

Бірақ өртті сөндіру кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтап, өрт кезінде өзен-көлдердің жағалары, үлкен алаңқайлар мен жалпақ жапырақты жасыл ормандар қалқан болатынын есте сақтаған жөн. Бұл жерде бір ескеретін нәрсе – өрт кезінде қылқан жапырақты ормандардың ішінен, жас өскіндер жиі өскен жерлерден аулақ жүрген жөн. Орман өрттерінің көбісі сөндірілмеген оттан шығатынын ескерсек, ыстық, құрғақ кезде және жел соққанда от жақпаған абзал.

Сандарға жүгінсек, жанып жатқан 1 гектар орманнан атмосфераға көміртек оксиді, күкірт пен азот тотықтары секілді 12 тонна газ бен 100 тоннаға дейін әртүрлі бөлшектер бөлінеді екен. Осы барлық жағдайлар біріккен кезде тек экологиялық апат қана емес, планетамыздың озон қабатының бұзылуына әкеліп, бүкіл адамзатқа орны толмас қасірет әкелетіні сөзсіз. Себебі өрт кезінде жануарлар, өсімдіктер мен құстар өліп, топырақтың құнарлығы төмендейді, зиянкес жәндіктер мен микроағзалар көбейеді, ал тірі қалған жануарлар басқа жақтарға қоныс аударады. Тіпті өрт кезінде тұтас ауылдар жанып кетеді.

Құрметті жерлестер, «Қапал орман шаруашылығы» КММ-сі өрт қауіпті маусымы кезінде жеке тұлғалардың орман қоры жерлеріне баруына шектеу қойылатынын хабарлайды. Осыған байланысты қарапайым өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауларыңызды сұраймыз. Ал егер де сіз орманда немесе орманға жақын жерде өрттің басталуын байқасаңыз келесі телефондар арқылы хабарласуыңызды сұраймыз: 8 /72832/ 3-15-39 немесе 101.

**Дидар ҚОЗЫКӨРПЕШ,**
**«Қапал орман шаруашылығы» КММ**
**Ақсу-Арасан орманшылығы №6 айналымының**
**орман күтушісі.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИАЦИЯ

# СОЗДАВАТЬ УСЛОВИЯ ДЛЯ КОНСТРУКТИВНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

**НЫНЕ ДЕЙСТВУЮЩИЙ ГПК В НОВОЙ РЕДАКЦИИ ОПРЕДЕЛИЛ СОДЕЙСТВИЕ МИРНОМУ УРЕГУЛИРОВАНИЮ СПОРА КАК ОДНУ ИЗ ЗАДАЧ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА, А ТАКЖЕ РАСШИРИЛ ВИДЫ ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР, К КОТОРЫМ, ОТНОСЯТСЯ МИРОВОЕ СОГЛАШЕНИЕ, СОГЛАШЕНИЕ ОБ УРЕГУЛИРОВАНИИ СПОРА (КОНФЛИКТА) В ПОРЯДКЕ МЕДИАЦИИ, В ТОМ ЧИСЛЕ СУДЕБНАЯ МЕДИАЦИЯ, И СОГЛАШЕНИЕ ОБ УРЕГУЛИРОВАНИИ В ПОРЯДКЕ ПАРТИСИПАТИВНОЙ ПРОЦЕДУРЫ.**

С целью значимости и действенности указанных альтернативных способов урегулирования правовых споров возникают вопросы: какова роль суда в окончании дела путем применения способов примирительных процедур, в чем может проявляться его активность при примирении сторон в деле? Конечно, выбор той или иной примирительной процедуры, условий примирения определяется самими сторонами, однако при этом нельзя забывать, что между ними имеется правовой конфликт, который порой не может быть ими решен самостоятельно.

Надо сказать, что для понимания роли суда в примирении сторон целесообразно определить общие правила, отражающие специфику действий судьи в гражданском процессе. Институт примирения в обновленном гражданском судопроизводстве можно рассматривать как единство двух элементов – права, регулирующего процессуальные действия суда по примирению сторон, и творческого процесса, основанного на усмотрении судьи, обусловленного его умением найти подход к решению сложных, личностно-психологических проблем сторон.

Примечательно, что одной из задач подготовки дела к судебному разбирательству, обязательной по каждому делу, является содействие примирению сторон. Так, суд в ходе предварительного судебного заседания определяет характер спорного правоотношения и обстоятельства, способствующие примирению сторон.

С самого начала общения сторон в суде судья должен стараться создать условия для конструктивного сотрудничества сторон в процессе судопроизводства: минимизировать конфликт, его внешние проявления, способствовать их диалогу. В процессе примирительных действий судья должен быть осмотрительным в отношении обстоятельств рассматриваемого дела, так как стороны постоянно будут обращаться к предмету спора, оценивать действия другой стороны, что может не только осложнить примирение, но и привести к утрате самой возможности примирить стороны.

**Әлібек ӘБДІХАЕВ,**
**судья Талдыкорганского городского суда.**

КОРРУПЦИЯ

***Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти. И Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти.***

# НАДО ОБЪЕДИНИТЬ УСИЛИЯ

В Казахстане с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 410-V « О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики.

Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК.

Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявлений. Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией. Этому яркое подтверждение речь Главы государства К.К.Токаева, где он подчеркнул: «Людям ни к чему красивые рапорты о задержании, когда уже похищены многомиллиардные средства? Полагаю, что мы должны в корне перестроить эту работу. Сегодня настал момент для объединения усилий государства и граждан. Коррупция – это глубоко социальная болезнь. Победить мы ее сможем только общими усилиями. Нужны новые формы общественного контроля и максимальная прозрачность управленческих решений. Для формирования в обществе «нулевой терпимости» к коррупции должна постоянно проводиться целенаправленная идеологическая работа».

**Дастан ЖҰМАСІЛ,**
**старший судебный пристав СМАС области Жетісу.**

ПРОТОКОЛ СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

# ОСНОВНОЙ ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ ДОКУМЕНТ

***Протокол судебного заседания является основным процессуальным документом, в котором отражаются все процессуальные действия, которые совершались в ходе судебного разбирательства. Поскольку, протокол имеет важное доказательственное значение, поэтому его содержание, порядок составления и форма должны точно соответствовать требованиям закона. В настоящее время составляются краткие протоколы при ведении аудиовидеозаписи судебного заседания. О каждом судебном заседании суда первой инстанции, а также о каждом отдельном процессуальном действии, совершенном вне заседания, составляется отдельный протокол. В случае же неявки в судебное заседание всех лиц, участвующих в деле, аудиовидеозапись не проводиться.***

Если возникает необходимость, по ходатайству лиц, участвующих в деле, и их представителей судом представляются копия аудиовидеозаписи и краткий протокол или протокол судебного заседания. Аудиовидеозаписи судебных заседаний используются только в целях судопроизводства для точного фиксирования хода судебного разбирательства, а также в целях установления фактических данных в гражданском, уголовном судопроизводстве, производстве по делам об административных правонарушениях либо в рамках производства по дисциплинарному делу.

Секретарь судебного заседания составляет протокол либо ведет краткий протокол при ведении аудиовидеозаписи судебного заседания в соответствии ч.1 ст.283 ГПК РК. Протокол, краткий протокол изготавливаются компьютерным, машинописным либо рукописным способами. Лица, участвующие в деле, и представители вправе ходатайствовать об оглашении какой-либо части протокола, о занесении в протокол сведений об обстоятельствах, которые они считают существенными для дела. Протокол должен быть изготовлен и подписан не позднее трех рабочих дней после окончания судебного заседания, а протокол об отдельном процессуальном действии- не позднее следующего дня после его совершения. По сложным делам протокол судебного заседания должен быть изготовлен и подписан не позднее десяти рабочих дней после окончания судебного заседания. Протокол подписывается председательствующим и секретаем. Все изменения, поправки, дополнения должны быть оговорены в протоколе и удостоверены их подписями.

Надо отметить, в случае ходатайства лиц, участвующих в деле, суд обязан представить для ознакомления протокол в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью председательствующего и секретаря судебного заседания.

**Эльнара ИСАЕВА,**
**главный специалист-секретарь судебного заседания Коксуского районного суда.**

УГОЛОВНЫЙ КОДЕКС

# ОСНОВНОЙ И ЕДИНСТВЕННЫЙ ИСТОЧНИК УГОЛОВНОГО ПРАВА

***УГОЛОВНЫЙ КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН — ОСНОВНОЙ И ЕДИНСТВЕННЫЙ ИСТОЧНИК УГОЛОВНОГО ПРАВА КАЗАХСТАНА, КОТОРЫЙ УСТАНАВЛИВАЕТ ПРЕСТУПНОСТЬ И НАКАЗУЕМОСТЬ ДЕЯНИЙ НА ТЕРРИТОРИИ СТРАНЫ. ОН ДЕЙСТВУЕТ С 1 ЯНВАРЯ 2015 ГОДА И БЫЛ ПРИНЯТ 3 ИЮЛЯ 2014 ГОДА. КОДЕКС СОСТОИТ ИЗ ОБЩЕЙ И ОСОБЕННОЙ ЧАСТЕЙ. ОБЩАЯ ЧАСТЬ ВКЛЮЧАЕТ В СЕБЯ 7 РАЗДЕЛОВ И 98 СТАТЕЙ. ОСОБЕННАЯ ЧАСТЬ СОСТОИТ ИЗ 18 ГЛАВ И 466 СТАТЕЙ. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ СОСТОИТ ИЗ ОДНОЙ 467 СТАТЬИ.***

Настоящий Кодекс основывается на Конституции Республики Казахстан и общепризнанных принципах и нормах международного права. Конституция Республики Казахстан имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики. В случае противоречий между нормами настоящего Кодекса и Конституции Республики Казахстан действуют положения Конституции. Нормы настоящего Кодекса, признанные неконституционными, в том числе ущемляющими закрепленные Конституцией Республики Казахстан права и свободы человека и гражданина, утрачивают юридическую силу и не подлежат применению. Нормативные постановления Конституционного Совета и Верховного Суда Республики Казахстан являются составной частью уголовного законодательства Республики Казахстан.

Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, имеют приоритет перед настоящим Кодексом. Порядок и условия действия на территории Республики Казахстан международных договоров, участником которых является Республика Казахстан, определяются законодательством Республики Казахстан.

Задачами настоящего Кодекса являются: защита прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, собственности, прав и законных интересов организаций, общественного порядка и безопасности, окружающей среды, конституционного строя и территориальной целостности Республики Казахстан, охраняемых законом интересов общества и государства от общественно опасных посягательств, охрана мира и безопасности человечества, а также предупреждение уголовных правонарушений.

**Бахыткуль МАДЫБЕКОВА,**
**руководитель администрации Текелийского городского суда.**

ИНФОРМАЦИОННЫЙ СЕРВИС

# «СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ» ДЛЯ УГОЛОВНОГО СУДОПРОИЗВОДСТВО

***Большую популярность приобрел электронный информационный сервис «Судебный кабинет». В связи с этим увеличилось количества пользователей данного сервиса, который способствует упрощению судопроизводства посредством электронного взаимодействия, а также обеспечение оперативности, доступности и прозрачности судебной системы. Для получения доступа к сервисам необходимо авторизоваться либо зарегистрироваться имея при этом ключ ЭЦП.***

Сервис предназначен для подачи электронных заявлений, ходотайств и жалоб по гражданским и уголовным делам. Вместе с предложениями пользователей электронного информационного сервиса «Судебный кабинет» растут и виды сервиса так например на сегодня имеются сервисы по уголовным делам: 1/жалоба на действие /бездействие/ решений государственных органов и должностных лиц, осуществляющих производство по уголовному делу;

2/ подача жалобы частного обвинения;

3/ ходотайство об ознакомлени с копией аудио-видеозаписи;

4/ документы по делу - а/ заявления о повторной выдаче копии судебных актов, б/ подача ходотайств, 3/ отправка заявлений о предоставлении свиданий с осужденным.

Сервис пересмотр судебных актов имеет следующие шаблоны: Апеляционная либо частная жалоба, ходотайство о пересмотре судебных актов в кассационном порядке, пересмотр судебных актов по вновь открывшимся обстоятельствам.

При подаче заявлений, ходотайств нужно правильно выбрать один из сервисов для дальнейшей регистрации его в судах, указать свой ИИН и желательно номер сотового телефона, электронный адрес затем вложить необходимые документы, выбрать судебный орган в который адресуйте заявление/ходотайство/.

Активная пропоганда сервиса «Судебный кабинет» дает уже положительный результат по взаимодействию органов судебной системы и населения.

**Анар ТОХТЫБАКИЕВА,**
**судья Илийского районного суда Алматинской области.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

# АЛАКӨЛДІК ШЕКАРАШЫЛАР БИІКТЕН КӨРІНДІ

***ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамы Алакөл ауданы әкімшілігінің мұрындық болуымен ұйымдастырылған мамыр айының мерекелеріне арналған футбол ойынына қатысты.***

Спорттық шараға оннан астам команда қатысты. Атап айтсақ, «А.Байтұрсынұлы» – Үшарал қаласының А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектебінің, «Алакөл» – Алакөл ауданының, «Тұран» – «Бескөл» спорт кешенінің, «Жайпақ» – Жайпақ ауылының, «Гарнизон» – Үшарал гарнизоны әскери қызметкерлерінің, «МСпорт» – Ынталы ауылы жастарының, «Тарлан» – «Тарлан» спорт кешенінің, «Өркен» – Үшарал қаласының, «Намыс» – 40398 әскери бөлімінің, «Шекара» – Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының, «Ақтүбек» – Ақтүбек ауылының, Бұлақты – «Бұлақты» ауылының құрама командалары.

Жарыс нәтижесінде жүлделі орындар келесідей бөлінді: I орын «Шекара», II орын «Бескөл» командаларына бұйырса, III орын «Алакөл» футбол құрама командасына бұйырды.

Анық басымдықпен ойын көрсеткен футбол командаларын Алакөл ауданы «Жекпе-жек» ұлттық спорт федерациясының президенті Арнұр Нұрланұлы марапаттады.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.**

ЖАРЫС

# ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУШЫ ӘСКЕРЛЕРДІҢ *офицерлік үшсайысы өтті*

***ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ 18404 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУШЫ ӘСКЕРЛЕРДІҢ ОФИЦЕРЛІК ҮШСАЙЫСЫ ӨТТІ.***

Алматы, Қонаев және Талдықорғандағы десантшылардың басын қосқан жарыста ПМ-3 табельдік қаруынан ату, суға жүзу, қашықтыққа жүгіру бойынша мықтылар анықталды.

ПМ-3 табельдік қаруынан ату 18404 әскери бөлімінің қарудан ату алаңында өтсе, суға жүзу олимпиадалық типтегі орталық жабық бассейнде, ал қашықтыққа жүгіру Жетісу орталық стадионында өтті.

ҚР ҚК ДШӘ Қолбасшы басқармасы жауынгерлік даярлық басқармасының аға офицері майор Марат Ағамбаевтың сөзінше, офицерлік үшсайысқа ерлер мен әйел әскери қызметшілер жас ерекшелігіне қарай бөлініп қатысты. Әскери қызметшілер жарысқа жақсы дайындықпен келген, деңгейлері өте жоғары болды.

Жарыс нәтижесінде командалық есепте 1-ші орынға 32363, 2-ші орынға 18404 және 3-ші орынға 61993 әскери бөлімдері жайғасты. Жеңімпаздарды марапаттау шарасы Жетісу орталық стадионында жүргізілді.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕСУ – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

**АДАМЗАТҚА ЕРТЕДЕН ТАНЫС СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЗАМАНМЕН БІРГЕ ӨСІП-ӨРКЕНДЕП, НЕБІР ҚАРСЫЛЫҚТАРҒА ТӨТЕП БЕРІП, ҚАЙДА МОЛ ҚАРАЖАТ ПАЙДА БОЛСА, СОЛ ЖЕРГЕ ТАМЫР ЖАЙЫП, БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЖОЙЫЛМАЙ ОТЫРҒАН ҚАУІПТІ КЕСЕЛДІҢ БІРІ.**

Қоғамға зор қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Десек те, жемқорлық мәселесінің маңызы жыл өткен сайын артпаса, кеміген емес. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Біздің елімізде бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің ең бірінші кезектегі міндетіне айналғанын атап өткен жөн.

Сыбайлас жемқорлық елдің даму болашағына әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институтарына кері әсер ететін қауіпті құбылыс болып табылады. Сыбайлас жемқорлық – деген түсінік «corruptio» деген латын сөзін алып, оның мағынасына үңілетін болсақ «пара», «параға сатып алу» ретінде, сондай-ақ рим құқығында да, «corrumpire» түсінік болған, ол дегеніміз жалпақ тілмен айтқанда, сындыру, бұзу, бүлдіру, параға сатып алу деген түсінік білдірген. Яғни құқыққа қарсы іс-әрекетті айқындайды.

ҚР-ның заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Яғни қызметтік өкілеттілігін теріс пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрнеу жалған жауап беру немесе жауап беруден жалтару, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе сот актілерін орындамау осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық, яғни сыбайластық байланыстарды пайдалану жолымен жасалады.

**Айгерім ЖҰМАБАЕВА,**
**Көксу аудандық сотының жетекші маманы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

# МИДЫҢ ҚАРТАЮЫН БАЯУЛАТАТЫН ӨНІМ



**ҒАЛЫМДАР МИДЫҢ ДҰРЫС ҚАРТАЮЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ҚОРЕКТІК ЗАТТАРҒА ЭЙКОЗАПЕНТАЕН ҚЫШҚЫЛЫ МЕН ЖӨКЕ ҚЫШҚЫЛЫ КІРЕТІНІН АНЫҚТАДЫ.**

Бұл қышқылдар, мысалы, балық, ұлу, зығыр тұқымдары, чиа мен асқабақ дәндерінде, күнбағыс шемішкесінде және грек жаңғағында кездеседі.

Көптеген жеміс пен көкөністерге түс беретін үш түрлі каротиноид пен фитопигменттер мидың баяу қартаюына ықпал етеді. Каротиноидтарға бай өнімдерге асжапырақ, қырыққабат, жүгері, болгар бұрышы (қызыл, жасыл немесе сары), қызанақ, қарбыз, грейпфрут, қауын, брокколи және сәбіз жатады. Сонымен қатар, зерттеушілер маңызды заттарға Е дәрумені мен холинді жатқызды. Біріншісіне бай диеталық тағамдарға жаңғақтар, дәндер және өсімдік майлары жатады, олардың едәуір бөлігі жасыл жапырақты көкөністер мен байытылған дәнді дақылдардан келеді.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

# ҚАН ҚЫСЫМЫН ТҮСІРУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

***ҚАН ҚЫСЫМЫ ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ ГИПЕРТОНИЯҒА БЕЙІМДІЛІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ РАЦИОНЫНДА ҚАНДАЙ АЗЫҚ-ТҮЛІК БОЛУЫ КЕРЕК?***

**Картоп**

Суға піскен картоптың құрамында калий көп болғандықтан ол қан қысымын түсіруге көмектеседі. Ал калий ағзадағы суды шығарады. Соның арқасында картоп жеңіл несеп айдағыш құрал. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ересектерге күнде 3,5 г калий алуды ұсынады. Құрамында калиі бар өнімдерді жеу жүрек-қан тамырлар ауруларының қаупін азайтады. 100 г картопта шамамен 568 мг калий – тәуліктік норманың 23%-ы бар. Ал бір орташа картоптың салмағы шамамен 70 г.

Картопты қабығымен пісірген дұрыс. Егер оны қабығынан тазартып тастасаңыз, калий қалмайды. Алайда, картопты сенімді сатушыдан алған жөн. Сондай-ақ, картопты тұзсыз жеген дұрыс, себебі натрий, керісінше, қысымды көтереді. Ал егер қант диабетімен қиналатын болсаңыз картопты көп жемеңіз. Себебі оның гликемиялық индексі жоғары.

**Болгар бұрышы**

Тәтті бұрышта, картопта сияқты, калийдің көп мөлшері бар. Ол ағзадағы су, тұз алмасуын және бұлшықеттердің, соның ішінде жүректің қалыпты жұмысын реттеу үшін қажет. Сонымен қатар, болгар бұрышы С дәруменіне бай. Оның құрамында сирек кездесетін Р дәрумені де бар, ол "аскорбиннің" толық сіңуіне ықпал етеді. Бұл үйлесім жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға көмектеседі, өйткені ол қан тамырлардың беріктігін арттырады.

Болгар бұрышын жиі шикілей жеген пайдалы. Алайда, оны бұқтырып та жеуге болады. Денсаулыққа пайдасы болу үшін күніне тәтті бұрыштың жартысын жеу жеткілікті.

**Ақжелкен**

Бұл жыл бойы қолжетімді көк шөп те жоғары қан қысымымен қиналатын адамдар үшін құрамындағы калийдің арқасында пайдалы. Ол ағзадағы сұйықтықты шығарады және соның салдарынан болатын жоғары қан қысымын түсіріп, ісінуді басады. Әрине, ол дәріні алмастырмайды, бірақ гипертониямен күресуге көмектеседі. Көк шөптердің басқа түрлерімен салыстырғанда ақжелкен С дәрумені бойынша көшбасшы болып табылады және бұл күшті антиоксидант. Ол тамырларға да жағымды әсер етеді. Сонымен қатар, ақжелкен артық холестеринді кетіруге көмектесетін тағамдық талшықтың көзі.

Оны салаттарға, ыстық тағамдарға немесе смузилерге қолдануға болады.

**Қызылша**

Қызылша шырыны жоғары қан қысымын түсіруге көмектеседі. Сондай-ақ, ол қан тамырларды серпімді етеді. Себебі қызылшада нитраттар көп. Нитраттар ағзада азот оксидіне айналады: ол қан тамырларды кеңейтеді және қан айналымын жақсартады. Сондықтан да артериялық қысым түседі және барлық органды оттекпен қамтамасыз ету жақсарады.

Бұл мақсатта шикі қызылшаның шырыны тиімдірек. Алайда, асқазан-ішек жолының созылмалы аурулары бар адамдарға мұндай шырынды ішуге болмайды. Сондықтан оны ішерде алдымен өз дәрігеріңізбен кеңескен жөн.

**Материалдар massaget.kz. сайтынан алынды.**

ӨНЕР

# «МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Қымбат ТОҚАН

Қарақат ТОҚАН

Азиза АЛМАСҚЫЗЫ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 681
Индекс 15534